SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● *www.sarkan-gazeta.kz* ● e-mail: *Igiman01@mail.ru* ● *№50 (9350) 6 желтоқсан 2019 ж.*

Елбасы мұраты – ел бақыты

Тұңғыш Президент күні 2011 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстан Республикасы парламент сенатының толық отырысында қол қойылып, бүгінгі таңда бүкілхалықтық сипат алған мереке. Тарихы сонау 1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет егемен еліміздің тұңғыш Президенті сайланып, ел мерейі тасыған айтулы күнмен тығыз байланысты. Азат елдің жан сүйсінтер жарқын жетістіктері Елбасымыз Н.Назарбаевтың есімімен әрдайым үндестікте өріледі.

Осындай тұлғаға деген құрмет аудандық мәдениет үйінде өткен «Елбасы мұраты – ел бақыты» атты салтанатты шарада айрықша паш етілді. Айтулы мерекемен жиналған жұртшылықты аудан әкімі Марат Разбеков құттықтап, мейрам мәніне үңілді. Аудан басшысы өз лебізінде аталмыш мейрамның негізінде елінің Елбасына деген сенімі мен құрметі жатқандығын тілге тиек ете келе, – Ұлт Көшбасшысының басшылығымен елімізде бағалы бастамалар, кең ауқымды реформалар толассыз жүзеге асырылып, мемлекетіміздің экономикасы жаңа сипатпен дамыды. Елбасының көреген саясатының арқасында Қазақстан Орталық Азия өңірінде, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында және халықаралық аренада алдыңғы қатарлы мемлекетке айналды. Бүгінде ұлтаралық бірліктің, ынтымақтастықтың қазақстандық нұсқасы әлемнің көптеген елдеріне үлгі бола алады.

Қымбатты жерлестер! 1991 жылдың желтоқсанында Қазақстан халқы өзінің таңдауын жасады, уақыт бұл таңдаудың дұрыстығын көрсетуде. Бүгінде біздер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей басшылығы кезінде, Қазақстан-экономикалық гүлденген, демократиялық және әлеуметтік мемлекет болып қалыптасты деп толығымен айта аламыз. Әрқашанда елдің бірлігі мен ынтымағы жас мемлекетімізді кемел келешекке бастай берсін.

Осынау мерекелі күні барлық сарқандықтарға мықты денсаулық, отбасылық бақ-береке, ынтымақ пен мейірім тілеймін. Көпұлтты және қуатты Қазақстанымыз гүлдене берсін! Мерекеленіз құтты болсын! – деді.

Лебіздер легін аудандық мәслихаттың депутаты Амангелді Омаров, Сарқан политехникалық колледжінің 2 курс студенті Евгения Черноусова жалғап, өз сөздерінде елі сүйген, елін сүйген Елбасының ерен еңбегін атап өтті. Шара барысында бірқатар жандарға аудан басшысы өз қолымен Құрмет және Алғыс хаттарды табыстады. Көзі қарақты оқырман саялы өңіріміздің төлтаңбасына аудандық байқау жарияланғандығынан хабардар. Саялы өңіріміздің басты белгілерін жүрекпен сезініп, шебер қолдармен әсем өрнектей білген Сарқан гуманитарлық колледжінің ұстазы Дүкейхан Нұрболаттың туындысы нәтижесінде жеңімпаз атанды. Жаңа төлтаңба көпшілік алдында кеңінен таныстырылып, автор Құрмет грамотасымен марапатталды. Салтанаттың сәні аудан өнерпаздарының асыл саз, әсем билерімен одан әрі асқақтай түсті.

Usynystar aıaqsyz qalmaıdy

QR Prezıdenti Qasym-Jomart Toqaev "Syndarly qoǵamdyq dıalog - Qazaqstannyń turaqtylyǵy men órkendeýiniń negizi" atty Joldaýynda halyq pen bılik arasyndaǵy kelisimdi nyǵaıtýdyń joly retinde "Halyq únine qulaq asatyn memleket" tujyrymdamasyn iske asyrýdy tapsyrǵan bolatyn. Osyǵan oraı aýdan ákimi Marat Razbekov jurtshylyqty qabyldap, muń-muqtajdaryna kóńil bólýde. Jýyrda aýdan basshysy aýdandyq máslıhat depýtattarymen, qoǵamdyq keńes músheleri árbir saılaý okrýgteri boıynsha sheshimin tabýǵa tıisti máselelerdi kóterdi. Atap aıtqanda kúrdeli jóndeýdi qajet etetin №1 mektepgımnazıanyń sport alańy, Erikti orta mektebi, Ekiasha orta mektebi, Birlik orta mektebi, PMK -72 yqsham aýdanynyń joldary, jaryqtandyrylýy, aýyz sýdyń sapasyzdyǵy, keıbir eldi mekenderdegi aýyz sý muqtajdyqtary, Qoılyq aýylyndaǵy medıtsınalyq qyzmetkerlerdiń tapshylyǵy, "Sarqanırrıgatsıa" mekemesine qarasty qurylymdardy, kanaldardy jóndeý jáne basqa da ózekti máseleler kezdesýge qatysýshylardyń saýaldaryna arqaý boldy.

Marat Melisuly kópshilik kókeıindegi túıtkildi máselelerdiń sheshimin tabý jolyndaǵy alǵa qoıǵan mindetterimen bólisip, usynys-pikirlerdiń aıaqsyz qalmaıtyndyǵyna sendirdi.

Óz tilshimiz.

•Аудандық әкімдікте

Алдағы міндеттер айқындалды

Өткен жұмада аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудандық партияның активімен мерекелік жиыны өтті. Аудандық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері, мекеме басшылары, бастауыш партия ұйымының төрағалары, партия мүшелері мен БАҚ өкілдері қатысқан жиынды аудандық партия филиалының төрағасы Марат Разбеков өзі жүргізіп, күн тәртібінде қаралатын мәселемен таныстырды.

Жуырда Елбасы, партия төрағасы Н.Назарбаев партияның аймақтық филиалдары өкілдерімен кездесу барысында партияластарға бірқатар міндеттерді жүзеге асыруды тапсырған болатын. Жер жерде өткізіліп жатқан осы тектес жиындардың басты мақсаты жүктелген тапсырмалар аясында нақты міндеттерді айқындап, жұмысты жауапкершілікпен атқару. Келелі кеңестегі алғашқы сөзді «Nur Otan» партиясы аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Аслан Күбентаев алып, Елбасының сөзіне арқау болған өзекті мәселелерге жан-жақты тоқталды. - Ағымдағы жылдың 25 – ші қараша күні Қазақстанның барлық өңірлерінен партия мүшелері Елордада жиналып, партия көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен өткен кеңеске қатысып қайттық.

Кеңесте еліміздің әрбір аймағы, ең шалғай аудандары мен ауылдарын дамытудың өзекті мәселелері талқыланып, партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру және елдің жетекші саяси күшінің жұмысын қайта жаңғырту бойынша нақты тапсырмалар берілді. «Nur Otan» партиясының «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – партияның жеті серпіні» атты қайта жандандыру бағдарламасында партияның мүшелерін топтастыру, қатарымызға басқа да белсенді азаматтарды тарту және партия қатарын «тазалау» жұмыстарын жүргізу біздің негізгі міндет, - деген баяндамашы партияішілік демократияны дамытуға, мүшелерді іріктеуге ерекше көңіл бөлінгендігін сөзіне арқау етті.

Тағы бір келелі мәселе партия ішінде қоғамды толғандыратын өзекті мәселелердің толық спектрінің көрсетілуі. Қоғамдық көңіл-күйді мониторингтеуді күшейтіп, әлеуметтік зерттеулер арқылы әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарын зерделеп, БАҚ пен әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу қажет, партиялық бақылау комиссиялары, партиялық жобаларды, қоғамдық қабылдау бөлмелері мен БПҰ-дардың жұмыстарын күшейту бүгінгі таңда өзекті екендігін айрықша атап өткен Аслан Нұрахметұлы сондай-ақ жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында партия бірқатар қажетті емес және нысанды іс-шаралардан бас тартып, есептілік 5 есе қысқарғандығын жеткізді. Сондай-ақ партиялық жобалардың саны 4 есе азайтылып, 24 партиялық жоба оңтайландырылуы, яғни өз жұмысын тоқтатуы нақты нәтижеге деген жұмыстарға айқын басымдылық берілгендігін аңғартады. Әсіресе әлеуметтік топтарға бағдарланған жобалардың жүйелі жұмысы партия назарында. Келелі кеңесте партия төрағасы тапсырған тағы бір шаруа ол жергілікті мәслихаттардың рөлін күшейту. Қазіргі таңда мәслихаттардың нақты ықпал ету тетіктері бар. Ауылдық деңгейдегі барлық әкімдердің 90%-ын мәслихаттардың депутаттары сайлайды. Сонымен қатар бюджеттерді, аумақтарды дамыту бағдарламаларын бекітеді, қаражаттың жұмсалуын бақылайды. Бүгінде негізгі реформалар өңірлерді дамытуға бағытталған. Соңғы 10 жылдың ішінде жергілікті бюджеттер 3 есе артып, 4,7 трлн. теңге құрады. Үкімет өңірлерді қолдау, әсіресе, ауылдарды қолдауға, жаңа жұмыс орындарын жасауға және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бағдарламаларды қабылдады. Мәселен, ауылдарды қолдау мақсатында 2026 жылға дейін 2 триллион теңгеге жуық қаражат бөлінеді. Алдағы 3 жылда халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 560 млрд. теңге қарастырылған.

Партияның беделін арттыруда депутаттардың өзіндік үлес қосуы керектігін айтып өткен баяндамашы жекелеген бағыттар бойынша депутаттардың жұмысын күшейту керектігіне мән берді. Ол үшін әрбір әкімнің және мәслихаттардағы фракция депутаттарының партиялық жауапкершілігін түбегейлі түрде күшейту, бөлінетін қаражаттың жұмсалуына нақты партиялық бақылауды қамтамасыз ету және депутаттар белсенді жұмыс жүргізіп, халықпен кездесіп, олардың мәселелерін шешуге, БАҚ үшін ашық болуға, әлеуметтік желіде белсенді болуы маңызды. Сонымен қатар аудандық партия филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде жыл басынан бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік органдардың бірінші басшылары 137 қабылдау жүргізіп, 232 адам қабылдаған. Нәтижесінде 75 азаматтың мәселесі оңтайлы шешілсе, 157 адамға заң аясында кеңес берілген. Баяндамашы өз сөзін қорытындылай келе: «Құрметті әріптестер, партияластар! Алдымызда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Елбасының тапсырмасы бойынша біз халық пен биліктің арасындағы алтын көпірге айналып, қарапайым халықтың мүддесінен шығуға тырысуымыз қажет. Әрбір партия мүшесін өзіне жүктелген міндетті жоғары деңгейде атқарып, партияның жаңғырту жұмыстарына өз үлесін қосуға шақырамын»,-деді.

Жиын барысында облыстық мәслихат депутаты Жамал Ағабдолдақызы сөз алып, ортақ істің ілгерілеуі жолында жұмыла жұмыс жасауға үндеді. Жиынды қорытындылаған аудан әкімі, «Nur Otan» партиясы аудандық филиал төрағасы Марат Мелісұлы жиналған қауымды "1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күнімен" құттықтап, белсенді партия мүшелерін алғыс хатпен марапаттаса, жаңадан қабылданған партия мүшелеріне партиялық билетті салтанатты жағдайда табыстады.

П.ЖЕҢІСХАН.

•Қазақстан Республикасы мәслихаттарына - 25 жыл

Нәтижелі жұмыс – ел игілігіне

Биыл ҚР мәслихаттарының құрылғанына 25 жыл толды. Осы ширек ғасыр уақыт ішінде депутаттар-халық қалаулылары ел мүддесі үшін жұмыс істеп, өзекті мәселелерді шешуге ат салысып келеді.

Әрине, қиындығы мен қызығы мол, жауапкершілігі үлкен сайлаушылар үмітін ақтау, тұрғындар аманатын орындау оңай шаруа емес. Халық үшін қалтқысыз қызмет ету атқарушы органдармен халық арасында алтын көпір бола білу, келелі мәселелердің түйінін шешу үшін уақытпен санаспай және ол қызметі үшін жалақысыз, пұлсыз саналы түрде еңбек ету әр депутаттың парызы. Алғашқы шақырылымдарда сайлаушылар азық-түліктің қымбаттылығы, еңбекақының уақытылы төленбеуі, өмір сүру деңгейінің төмендеп кетуі сияқты жекебастылық сұрақтарға ден қойса, ал қазір халық әлеуметтік, саяси, экономикалық маңызды проблемаларды көтеріп жүр. Сайлаушылар жекебастық емес қоғамдық, мемлекеттік мәселелердің шешілуіне түрткі болып отыр. Ауыл тұрғындарының жай-күйі, ауыз су мәселесі, жол, интернет, аз қамтылған отбасыларына баспана беру, жастардың бос уақытын ұйымдастыруға жағдай жасау, білім, мәдениет ошақтарына қаржы бөлу, демалыс орындарын жөндеу, экологиялық ортаны тазарту сияқты сұрақтарға жауап күтуде. Мен өзім Сарқан аудандық мәслихатының III, IV шақырылымының, Алматы облыстық мәслихатының V, VI шақырылымының депутаты болып сайландым. Осы уақыт ішінде сайлаушыларымның көтерген мәселелерін, өтініштерін шамам келгенше заң аясында шешуге тырыстым. Сарқан ауданына қарасты барлық елді мекендердегі проблемаларды аудан, облыс басшыларына сауалнама ретінде жолдап, шешілуіне ықпал етіп келемін. Сарқан қаласының көшелерін жөндеу, жарықтандыру, орталық мәдениет үйін жөндеу, орталық аурухананы қайта жөндеу, кеңейту, Абай мектебі және басқа мектептерді күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарына қаржы бөлінуін облыстық мәслихат сессиясында көтеріп, бұл мәселелердің шешілуіне өз үлесімді қостым. Алмалы ауылында өнер мектебінің филиалының ашылуына, «Ертөстік» балабақшасының салынуына тікелей мұрындық болсам, бірнеше жыл ауыз суы проблема болып келе жатқан ДЭУ, ПМК шағын ауданының су құбыры салынуда. Черкасск округі бойынша жол мәселесі, мәдениет үйі мен мұражайға күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуі қуантарлық жағдай болды. Екіаша-Аманбөктер жолы күрделі жөндеуден өтіп, жол азабын көріп жүрген жолаушылар алғыс айтуда. Амангелді ауылдық округі бойынша ауыз су, мектепті жөндеу жұмыстары, тұрғындардың жеке егістік, жайылым жерлері, кәсіпорын ашу құжаттарын рәсімдеуге көмектесу сияқты сұрақтар орынды шешілді. Бақалы мәдениет үйінің бой көтеруі, кіреберіс жолдың жөнделуі, ауыз сумен қамтамасыз етілу – тұрғындардың арманы еді. Бүгінгі күні сол ғимаратта арман іс жүзіне асып, бір емес бірнеше үлкен қоғамдық іс – шаралар өткізілді. Лепсі өңіріндегі ең үлкен мәселе – Балқаш көлінің инфраструктурасы және жол мәселесі еді. Бұл сұрақты облыс әкімі А.Баталовпен депутаттардың кездесуінде көтеріп, көмек сұраған едім, бүгін Лепсінің ішінде 4 шақырым жол тақтайдай жасалып, халыққа қызмет көрсетуде. Балқаш көлінің инфраструктурасының ЖСҚ – на 99 млн. теңге қаражат бөлінді. Халқымыз айтпақшы «көрінген таудың алыстығы жоқ» деп, бұл мәселе де келешекте шешімін табатынына сенімдімін. Әлі талай шешімін күтіп тұрған қаншама мәселе бар. Дегенмен ауданымыздың экономикалық дамуында өсу, әлеуметтік жағдайда жеңістер, саяси тұрақтылық бары барша жұртты қуантады. Аудан әкімшілігі, ауыл әкімдері, қоғамдық ұйымдар тұрғындардың әр сауалына мұқият мән беріп, ол адамның тұщымды, қанағаттанарлықтай көмек алуын зерделеп отырады. Сондай-ақ облыстық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер бойынша комиссия мүшесі, «NUR OTAN» партиясының облыстық филиалында сайлауалды бағдарламаның «Білім» бағытының кураторы, Елбасының «Бес әлеуметтік бастама» бағдарламасы бойынша облыстық қоғамдық кеңес мүшесі ретінде де ауданымызда береке-бірлік, ынтымақ пен түсіністікте жұмыс атқарылуына әлі де септігімді тигізуге дайынмын. Мектеп асханасының жұмысы, көп балалы аналардың баспана алуы, аз қамтылған жанұя балаларының ЖОО грантқа ие болуы, әлеуметтік жәрдемақылар берудегі өзгерістер туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, қоғамдық қабылдаулар өткізу жоспарымдағы бар іс – шаралар. Астана қаласына ҚР Білім және ғылым министрімен кездесуге, сондай-ақ ҚР мәслихаттарының 25 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысуға жолдама алу да мені көп нәтижелі істерді атқаруға міндеттейді.

Ел аман, жұрт тыныш болып, ерен еңбек үлгісін береке-бірліктің арқасында паш етейік.

Ж.ҚҰЛАХМЕТОВА,
Алматы облыстық мәслихатының депутаты.

•Жағымды жаңалық

Жастай берген тәрбие - жас қайыңды игендей

"Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің" дейтін ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне жете көңіл бөлген. Ежелгі дәуірде ғұмыр кешкен ұлы ойшыл Аристотельден "Сәби ол - таза тақта, не жазсаң, соны оқисың" деген тәмсіл қалған. Жас шағынан дұрыс тәлім-тәрбие алған жастың барар бағыты айқын, жетер жетістігі көпке ортақ. Осыған орай Абай ауылында спортқа бейім балаларының қарым-қабілетін осы салада сынап көруге құлшыныс танытып жүрген ата-аналар көптеп саналады.

Абай ауылының тұрғындары орта мектептің спорт залында жаттығып жүрген балалары үшін арнаулы спорт кешені болса деп армандағалы қашан... Сондықтан ауылдың жігерлі жасы Бекен Жамантаев мектептің бос тұрған ескі ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге батыл қадам жасағанда көп болып қолдай кетті. Араға айлар салып есік-терезесі жаңаланып, іргесі бүтінделіп, жылу жүйесі орнатылған спорт кешені талапты жастарға құшағын айқара ашты. Бұл да болса биылғы Жастар жылына және Тұңғыш Президент күніне деген абайлықтардың толымды тартуы.

-Аудандағы балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің филиалы осы Абай ауылында жұмыс істеуде,-дейді жаттықтырушы Қуаныш Қадырбаев. -Қол күресі секциясына қажетті спорт жабдықтары бұған дейін мектептің спорт залының бір бұрышында тұрса, енді күрделі жөндеуден өткен кешенде арнаулы жаттығу орнымыз болады. Кең күрес залы да жабдықталады. Алаңсыз жаттығып, болашақтағы ірі жарыстарда топ жаратын саңлақтарды тәрбиелеуге мүмкіндік тапқанымыз үшін ауылдастарыма алғыс айтамын.

Жөндеуден кейін жаңғырған ғимараттың ашылуына осы ауылдың жан-жақта жүрген түлектері, ауыл тұрғындары тайлы-таяғына дейін жиналды. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" дегендей көпшіліктің ықыласымен, қол күшімен атқарылған ауқымды жұмыс нәтижесіне дән ризашылығын білдірген Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Садуақас Садықов бата беріп, Алмалы ауылдық округ әкімі Асқар Тұрғамбеков осынау қуанышты іс-шараға арнайы келген Қазақ спортының қайраткері Жақсыжол Көрпебаевтың иығына шапан жапты.

Ж.МАҚАТҰЛЫ.

•Жолдауға - қолдау

Жастар үшін тиімді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президенттік жастар кадрлық резерв жобасы – дарынды жастар үшін мемлекеттік басқару органдарында өз орындарын табуға тамаша мүмкіндік болып табылады. Мен мұны «Жастар жылы» аясында білімді әрі дарынды жастарымызға берілген айрықша мүмкіндік, нақты қолдау деп санаймын. Жоба барынша даярланған және тәжірибелі жастар үшін мемлекеттік басқару және квазимемлекеттік сектор жүйесінде басшылық қызметке тұруға мүмкіндік береді. Бұл білімі мен біліктілігі сәйкес тәжірибелі жас азаматтар үшін ашық және тиімді әлеуметтік саты болып табылады.

А.АБДРАХМАНОВ,
№5 Батыс сайлау округінің депутаты.

Қауіп қайдан демеңіз

Қыс мезгілінің келуімен ауданымызда құлағы қылтиятын бір мәселе бар. Ол қаңғыбас иттер мәселесі. Нағыз «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» дейтін тәмсілдің тілге тиек болатын тұсы. Аталмыш келеңсіздік туралы тұрғындар айтып та, жазып та жүр. Тек нақты нәтиже көзге көрінер емес. Жалпы, аталмыш проблема жылдың кез келген уақытында бар болатын. Тек күн ұясына тез қонып, қараңғылық ерте түсетін қыста осынау бәленің бояуы қалыңдай түсетіндігі бар. Бұған төрт аяқтылардың ұйығу маусымының келуінің өзіндік әсері бар сияқты. Өйткені бір иттің артынан өрген оншақты итті күнделікті көзіміз көріп жүр. Жайымен жүрсе жақсы ғой, мектептен қайтқан бала-шағаға, жаяу жүргіншілерге айбат шегіп, тісін батырып, өмірлеріне қауіп төндіруде. Мәселенің мәніне тереңірек үңілмек ниетте жауапты мекемелердің табалдырығын аттадық. Төрт аяқтыларды аулаумен айналысатын аудандық ветеринария станциясы берген мәліметке сай биыл барлығы 973 бас ит жойылып, тиісінше 2 млн. 782 мың теңге жұмсалған. Жұмыс әлі де жалғаспақшы. Былтыр жоспар 1060 болса аталмыш мекеме межені артығымен орындап, 1207 бас иттің көзін құртқан. Яғни, бір жылда мың бастың маңайында қаңғыбас үй жануары жойылады екен. Ендеше, мәселе неге күн тәртібінен түспейді деген заңды сауал туындайды әркімде. - Бұның барлығына сіз бен біздің жауапсыздығымыз кінәлі,- дейді қала әкімі Амантай Орынбеков – заң бойынша байлауда тұратын төрт аяқтымызды талапқа сай ұстайтын тұрғындар өте сирек. Көше-көшені кезіп жүрген ит атаулы шеттен келген жоқ қой. Барлығының түгендесең иесі бар болып шығады. Жалпы, қаңғыбас ит деген болмайды. Тұрғындардан, әсіресе, көпшілік орындарда, бала бақша, мектеп маңайында ит өріп жүр деген шағым жиі айтылады. Оның көпшілігі ата-анаға немесе балаға еріп келген иттер. Сондықтан әрбір адам жауапкершілікті сезінуі керек. Аталмыш үй жануарларының жылына екі реттен күшіктейтінін ескерсек, қаңғыбас, бұралқы иттердің қандай жылдамдықпен көбейіп, жыл сайынғы жұмысымызды жоққа шығарып жатқандығын аңғаруға болады. Бірақ біз де қол қусырып отырған жоқпыз. Аудандық ветстанциядан бөлек өзіміз де аулап, кезбе иттердің қатарын кемітіп жатырмыз.

Жасалып жатқан жұмыстарды жоққа шығаруға болмас, дегенмен мәселе басы ашық күйінде қалуда. Айтпақшы, өткен аптада аудандық ветеринария бөлімі қалалық әкімшілікпен бірлесіп 100-ден астам үйге ескерту қағаздарын таратып шыққан. Алдағы уақытта арнайы рейд аясында иттерін байламаған тұрғындарға ҚР әк.Кодексінің 408-бабына сәйкес 3 АЕК көлемінде айыппұл салу жоспарланған. Ал жеке тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне залал келтірген жағдайда ит иесі 10 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттеледі.

П.ЖЕҢІСХАН.

Проведена совместная работа

27 ноября проведена совместная работа пограничной заставы "Покатиловка" войсковой части 2484 с акиматом Екиашинского района и домом культуры посвященная празднованию Дню Первого Президента Республики Казахстан. В начале мероприятия аким Екиашинского сельского округа М.Естеуов поздравил военнослужащих с Днем Первого Президента и пожелал плодотворной работы. В праздничной программе приняли участие управление пограничной Комендатуры Саркан во главе с комендантом пограничной Комендатуры майором Рахимовым Арманом Касеновичем, управление пограничной заставы Покатиловка, работники дома культуры населенного пункта Екиаша. Была поставлена концертная программа с песнями и стихами посвященными предстоящему празднику. От управления пограничной заставы с благодарностью выступил начальник погз Покатиловка старший лейтенант Ордабаев Азимбек Даниярович и заместитель начальника заставы по ВСПР лейтенант Мамуков Талгат Хазезович.

Соб.корр.

Акция «16 дней без насилия в отношении женщин»

В соответствии с положением Конвенции о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин ежегодно 25 ноября отмечается Международный день ликвидации насилия в отношении женщин с проведением акции «16 дней без насилия в отношении женщин».

Основная цель акции - ознакомление широких слоев населения о принимаемых мерах, направленных на предупреждение и пресечение насилия в отношении женщин, охрану материнства и детства, укрепление роли семьи в обществе. В период с 25 ноября по 10 декабря текущего года на территории Сарканского района проводится акция «16 дней без насилия в отношении женщин». Деятельность подразделения ОВД по защите женщин от насилия строится в соответствии с принципами законности, гласности, уважения конституционных прав и свобод личности. Результаты исследований проблемы насилия в отношении женщин свидетельствует о том, что одним из самых распространенных форм насилия являются: физическое, психологическое и сексуальное насилие. Несмотря на наличие какого-либо вида насилия, женщины не по каждому случаю обращаются в полицию с официальным заявлением.

В связи с этим главной задачей акции «16 дней без насилия в отношении женщин» является выявление, пресечение фактов насилия, ведение индивидуальной профилактической работы с лицами, склонными к совершению правонарушений. Если вы или кто-то из ваших близких или знакомых подвергается какому-либо из видов насилия – обратитесь за помощью!!!

Н.АВРАМЕНКО,
инспектор ПЗЖН МПС Сарканского РОП, старший лейтенант полиции.

А ЛЮДЯМ РАДОСТЬ!

Вкусно поесть – одно из самых больших удовольствий для человека. А если это еще и вполне доступно по стоимости…

Четыре года назад они готовили свою продукцию на самой обыкновенной газплите. Сегодня так работать уже не получиться. Теперь есть жарочный шкаф и даже миниатюрный тестомес. Но ручного труда меньше не стало -вкуснотищу распробовали и спрос вырос. А может быть потому и вкусно так все, если главное не техника, а руки умелые.

Когда-то Бижамал Кыдырбаева работала на хлебозаводе, что и позволило приобрести немалый и такой ценный опыт. Вскоре после выхода на заслуженный отдых стало ясно, что пенсии на все необходимое не хватит, как не старайся экономить. Да и не сэкономишь особо, если троим детям надо помогать и четверо внуков мала-мала меньше. И тогда Бижамал-тате с дочерью Гульнар решили печь прямо на дому и продавать. Идея оказалась верной. Сейчас две мастерицы каждый день делают булочки простые и с маком, пирожки с разной начинкой, турецкие рогалики – тесто для них готовится по особому рецепту. В ассортимент входит и традиционная самса. Сейчас на рынке у них свой «бутик», каждый день сарканские кулинары готовят 400-500 булочек – это не считая всего остального. Особое внимание уделяется заказам на различные торжества. Вот тогда порой до поздней ночи приходиться трудиться.

Сегодня уже почти ушло понятие «советский человек». В самом лучшем смысле этого выражения. Бижамал-тате именно из таких. Каких сегодня практически нет. Работают мастерицы, как и положено на подобном производстве, всегда в платках – а вдруг волос с головы в тесто упадет! Если в одной из сарканских пекарен каждый кусочек теста для хлеба обязательно взвешивается – нагрянет проверка, а у нас недовес – то Бижамал Кыдырбаева тоже взвешивает каждый кусочек, для той же самсы. Только с другой целью.

- Можно, конечно и на глазок, - говорит она. – Но тогда кому-то больше достанется, а кому-то меньше. А человек ведь свои кровные заплатил за эту самсу! Почему он за те же деньги должен меньше получить?!

- Сейчас цены практически каждый день поднимаются, можно сказать, на все. Сколько будут стоить завтра ваши булочки и самса?

- Столько же. Мы цены поднимать не будем. Ведь это несправедливо – людям и так тяжело.

Открыть даже небольшой бизнес без первоначального «вливания» никак невозможно. Бижамал-тате не знает что такое кредиты, гранты или еще какая-нибудь государственная поддержка. Грант взять не получилось, а условия кредитования по ее словам просто нереальные. Пришлось занимать деньги у друзей и знакомых, благо много и тех и других, а неподъемные проценты выплачивать не нужно. Не со всеми она рассчиталась, но при этом помогала нуждающимся. Каждую пятницу бесплатно раздавала хлеб. С одним условием – она должна была быть уверена, что человеку действительно трудно. Сейчас благотворительница от этой затеи отказалась и причина совсем не красит наш прекрасный народ. Люди, вместо слов благодарности начали наглеть. Некий молодой человек обругал пожилого человека матом и чуть не накинулся с кулаками. Другие стали требовать, чтобы бесплатный хлеб клали в пакеты, как в магазинах. Прозвучала дикая фраза – «вам государство и так все возмещает». Пробовали отвозить пирожки в Центр оказания специальных медицинских услуг, в просторечии психинтернат, но скоро стало ясно, что надо стоять рядом, пока пациенты едят. Иначе все отберет персонал. А времени на это просто нет.

- Сейчас нормального хлеба в Саркане не найдешь, - говорит Бижамал Кыдырбаева - У нас несколько пекарен и в каждой, чтобы меньше уходило муки, кладут слишком много разрыхлителя.

Сама она работает совсем не так. Честно работает. Иначе, по ее личному мнению, просто нельзя…

В. БЕРЕГОВОЙ.

О ходе реализации Закона Республики Казахстан «О Фонде компенсации потерпевшим»

С 1 июля 2018 года введены в действие статьи 98-1 и 98-2 Уголовного кодекса, а также отдельные нормы Закона Республики Казахстан «О Фонде компенсации потерпевшим», регламентирующие порядок формирования Фонда компенсации потерпевшим.

Фонд создан в целях быстрого оказания необходимой материальной помощи потерпевшим. Он формируется за счет принудительных платежей, взыскиваемых судом с виновных лиц при вынесении обвинительного приговора.

Сумма взыскания составляет от 5 до 30 МРП в зависимости от тяжести преступления. Кроме того, предусмотрено пополнение Фонда за счёт взысканий, наложенных судом за процессуальные нарушения, а так же сумм, удерживаемых с осужденных, исполняющих наказание в виде исправительных работ.

Закон предусматривает двухлетний период накопления средств. Выплата компенсаций начнётся с 1 июля 2020 года.

На неё смогут претендовать несовершеннолетние жертвы сексуального насилия, жертвы торговли людьми или пыток, лица, которым в результате преступления причинён тяжкий вред здоровью, в т.ч. заражение ВИЧ, законные представители в случае смерти потерпевшего.

Средства станут выплачиваться в виде единовременного платежа в размере от 30 до 50 МРП в зависимости от категории совершённого в отношении получателя правонарушения. При этом пострадавший не лишается возможности дальнейшего взыскания полного ущерба с виновного лица.

Прокуратура Сарканского района.

В Талдыкоргане прошло заседание по исполнению «Дорожной карты»

В городе Талдыкорган 22 ноября в областном акимате состоялось расширенное заседание с участием заместителей Акимов городов и районов, директора филиала по Алматинской области НАО «Фонд социального медицинского страхования», руководителя ОУЗ по Алматинской области по вопросу исполнения дорожной карты по проведению информационной работы по Алматинской области среди населения по внедрению ОСМС на август- декабрь 2019 года под председательством заместителя Акима Алматинской области Байжуманова Б.К. Курирующие структуры обсудили вопросы связанные с исполнением дорожной карты.

Выступивший на заседании директор филиала по Алматинской области НАО «Фонд социального медицинского страхования» Отаргалиев Н.Т. подробно остановился на пунктах дорожной карты, которые на данный момент не исполнены и попросил ответственные структуры оказать содействие в исполнении этих пунктов.

Отдел по информированию населения и рассмотрению обращений филиала по Алматинской области НАО «Фонд социального медицинского страхования».

Мақсат – сыбайлас жемқорлықты жою

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар әр салада жүзеге асырылуда. Бірақ соған қарамастан сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен өсіп өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып келеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі әлеуметтік қасіреті болып табылатын күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Жемқорлық әлемнің саяси, экономикалық өсу тұрғысынан дамуы әр түрлі болып табылатын мемлекеттерді де алаңдататыны айқын.

Кез-келген қоғам дамуының күнгей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүргендіктен, елдің әлеуметтік әл-ауқатының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуі, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды артқа тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Р.ЖАНАТБЕК,
аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

Эхинококкоз

Адамдар эхинококкозы – ауыр, созылмалы мүгедектікке дейін әкелетін, ал асқынған кезде өліммен аяқталатын құрт ауруы. Бұл ауру барлық елде кездеседі. Эхинококк иттің ішегінде өмір сүреді. Осы жануардың жұмыртқалары немесе оның мүшелері нәжіспен бөлініп, сол ауру жұқтырған ит суды, топырақты, шөпті және жұғысқан бөлмені, ыдыстарды ластайды. Оның жұмыртқалары қоршаған ортада өмір сүруге өте төзімді. Сумен және тамақпен оның жұмыртқалары ауылшарушылығы жануарларының ішегіне түседі. Содан барып бауырға және өкпесіне енеді, личинкалары эхинококк сұйықтығына толы шар тәрізді денеге айналады.Осы шар тәрізді дененің ішінде түссіз сұйықтық және ұсақ құм тәрізді эхинококкоз қоздырғыштары болады. Малдың ауру жұқтырған мүшесін итке жеуге берсе соңғы жеген жұқтырады. Адамдар оның жұмыртқаларын сумен, тамақпен кір қол арқылы жұқтырады. Егер де қойлар немесе сиырлар ауру итпен бірге жерде жатса, оның жұмыртқалары малдың жүніне түсуі мүмкін, одан барып мал қырқу кезінде, малды күту, сиыр сауу және тағы басқа жағдайларда адамның қолына түседі.

Эхинококкоз қоздырғыштары адамның кез келген мүшесін зақымдауы мүмкін, әсіресе бауыр мен өкпе зардап шегеді, сөйтіп эхинококкоз ауруы пайда болады. Егер эхинококкозбен бауыр зақымдалса, бауырдың оң жағында ауырғандық сезіледі, ал өкпе зақымдалса, онда науқастың кеуде тұсында ауырғандық, жөтел, ентігу, кей кезде қан түкіру болады. Эхинококкоз қоздырғышы барлық іш құрылысқа жайылып және одан әрі асқынуы мүмкін. Бұл асқыну адамның өліміне әкеледі. Бұл аурудың емі тек операциялық жолмен. Ауру клиникалық, ренгенологиялық және зертханалық жолмен анықталады.

Эхинококкоздың алдын алу бірінші кезекте қаңғыбас және иесіз иттермен күрес жүргізу және міндетті түрде жылына 2-3 рет иттерге дегельминтизация (құрттарға қарсы дәрілеу) жүргізу қажет.

Ал жеке бастың алдын алу шараларына келсек, итпен ойнатпау, өз ыдыстарынан тамақтандырмау және иттің оларды беті-қолдарын жалауын болдырмауын қадағалап отыру керек. Өйткені ит, мысық үй жағдайында таза ұсталынса да, олардың жүнінде құрттың жұмыртқалары жүреді. Тағамға жуылмаған көкөніс, жемістерді, жабайы өскен шөптер мен бүлдіргендерді қолданбау керек. Ашық су қоймаларынан қайнатылмаған суды ішпеу қажет.

Г.ОСПАНОВА,
аудандық ТКҚСҚББ бас маманы.

Сохраним живые елки!

Новогодний символ-это пушистая нарядная елка, своим видом и запахом создающая удивительно праздничное настроение.Именно на ее долю вот уже несколько столетий «выпадает честь» украшать новогодние торжества. Но, как и у всего на свете, красивой традиции праздновать новый год с елочкой есть своя цена - срубленные деревья. Огромное количество елей вырубается для того, чтобы всего несколько дней радовать нас, а затем месяцы «украшать» мусорные свалки. Если каждая казахстанская семья захочет ставить в своем доме живую елку на Новый год,страшно представить, скольким деревьям предстоит быть уничтожанными,чтобы удовлетворить эту потребность.К сожалению, большинству людей лес до сих пор представляется неисчерпаемым ресурсом. Именно из-за этого предубеждения продолжают уничтожаться ели в наших лесах и,что еще трогичнее, случаются браконьерские рубки, к примеру, на особо охраняемых природных территориях.В зимнее время хвоиные породы являются важнейшим источником кислорода,потому что все другие растения сбрасывают листья.Эти деревья выделяют в атмосферу фитонциды- биологически активные вещества, которые убивают вредных микробов. К тому же для множества животных хвойный лес- это дом, которого, при отсутсвии благоприятных перемен, они могут лишиться. На основании приказа Комитета лесного хозяйства и животного мира № 258 от 17 ноября 2016 года «Об усилении охраны молодняков хвойных пород в предновогодний период» в «Жонгар-Алатауском»ГНПП. Сарканском филиале создана мобильная группа из состава ИТР и организовано круглосуточное дежурство по охране молодняков хвойных пород от незаконных рубок. Ведется массовая разъяснительная работа с местным населением о бережном отношении к хвойным насаждениям.

Ч.КАЙРБЕКОВ,
инспектор Тополевского ИУ Сарканского филиала.

Қасақылыққа қарсы жорықтар жүргізу

Қасақылық дегеніміз- қаскөйлік, браконьерлік, жан-жануарларды қорғау туралы заңдар мен ережелерді қасақана бұзып, аң-құс, балық аулау немесе қырып-жою, сондай-ақ тиісті рұқсатсыз, тыйым салынған жерлерде, заңсыз аңшылық құру, сирек кездесетін және бағалы өсімдіктерді жинау болып табылады.

Маралдардың күйекке түсу және өкіру кезінде маралдарды қасақылықтан қорғау мақсатында аңшылық алқаптарда жорықтар жүргізіледі. Маралдар мекендейтін алқаптарда демалушыларға шектеу қойылады. Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту мақсатында құқық қорғау органдарымен және шекара қызметкерлерімен бірлесе атқаратын жұмыстардың жоспары бойынша маралдардың күйекке түсу кезінде бірлескен топ құрылып, жорықтар жүргізіледі.

"Жоңғар-Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі республикалық мемлекеттік мекемесі ерекше қорғалатын аймақ болғандықтан бөгде адамдарға рұқсатсыз кіруге тыйым салынады және заңсыз аң ату фактілері орын алған жағдайда, яғни ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК КОДЕКСІНІҢ 382-бабы, яғни жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау қағидаларын бұзу және ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 337-бабы, яғни, заңсыз аңшылық бойынша заң алдында қатаң түрде жауапкершілікке тартылады.

М. ОТУНЧИНОВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ бас аңшылықтанушы биологы.

Испытание сои на Сарканском ГСУ

Соя одна из важнейших сельскохозяйственных культур. Однолетнее, неприхотливое растение. Соя – самая распространенная среди зернобобовых культур. Чередование культур с включением сои позволяет поддерживать плодородие земель и снизить расходы на минеральные удобрения. В севооборотах соя является прекрасным предшественником для озимых культур. Оптимальный срок посева сои – один из самых важных факторов получения высокого урожая, от этого зависит время ее созревания, урожайность и качество семян. В нашем регионе оптимальный срок для посева сои – середина, конец мая.

Сою можно назвать высокорентабельной культурой, при условии получения качественного урожая, а добиться качественного урожая можно только при условии правильно подобранных сортов для каждого региона отдельно, как на поливных землях так и на богаре.

На Сарканском сортоиспытательном участке в течение многих лет проводится конкурсное испытание сои на богаре. В течение этого периода было изучено более 50 сортов сои. По каждому сорту отдельно была дана характеристика.

В этом году в конкурсном испытании было 24 сорта сои, 5 разных групп созревания. Не смотря на погодные условия этого года: холодная и дождливая весна, жаркое и засушливое лето, некоторые из сортов отечественной селекции показали неплохой урожай на полуобеспеченной богаре. А именно сорта: Алматы, Перизат, Марина, Айсауле, Нур.

Новые сорта сои которые превосходят стандарт по многим показателям рекомендуют районировать.

Правильно подобранный сорт и качественные семена – залог хорошего урожая!

Т.СЛОНОВСКАЯ,
агроном Сарканского ГСУ.

Социальная защита для маломобильных групп населения

Конституцией Республики Казахстан высшей ценностью провозглашается человек, его жизнь, права и свобода. Это значит, что государство не имеет более важной задачи, чем забота о человеке, о его материальном благополучии. Государство обязано создать все зависящие от него условия для того, чтобы он мог существовать нормально. Оно обязано защищать жизнь человека от посягательств, предоставляя ему возможность и самому защищаться от неправомерных действий, обеспечивая нормальную окружающую среду.

Социальная защита - является основным, базовым направлением социальной политики государства и закладывает основы принципа социального государства. Она предполагает самый широкий спектр вопросов. Это и проблемы социального обеспечения, пенсионного обеспечения, обеспечение пособиями, иными выплатами, социального страхования различных групп населения, социальные услуги, в том числе обслуживание на дому, содействие в оформлении документов, оказание благотворительной помощи, деятельность социальных учреждений, в том числе кабинетов дневного пребывания, центров оказания специальных социальных услуг, различные реабилитационные мероприятия, социальная адаптация, обеспечение доступности маломобильным группам населения и многое другое.

В условиях ускоренной социально-экономической модернизации государства и повышения конкурентоспособности казахстанского общества особую актуальность приобретают вопросы максимальной интеграции лиц с ограниченными возможностями в общество, устранения их социальной разобщенности и создание условий для роста их социальной мобильности.

Первым президентом нашего государства был подписан Закон Республики Казахстан "О ратификации Конвенции о правах инвалидов" 20 февраля 2015г. №288-V. Основными задачами закона являются: 1)беспрепятственный доступ к объектам социальной инфраструктуры; 2)беспрепятственное пользование транспортом и транспортными коммуникациями; 3) беспрепятственный доступ к средствам связи и информации (получение в доступной форме); 4)беспрепятственное получение социальных услуг (в том числе реабилитационных услуг); 5) «безбарьерная» психологическая среда в обществе т.е. обеспечение доступности объектов и услуг в приоритетных сферах жизнедеятельности инвалидов и других маломобильных групп населения, совершенствование механизма предоставления услуг в сфере реабилитации, создание инвалидам равных возможностей для жизнедеятельности и интеграции в общество.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» Департамент Комитета труда, социальной защиты и миграции по Алматинской области (далее-Департамент) в пределах своей компетенции осуществляет профилактический контроль и внеплановые проверки в части доступности объектов/субъектов для маломобильных групп населения.

Не обеспечение должностными лицами, а также физическими лицами, осуществляющими предпринимательскую деятельность, и юридическими лицами условий инвалидам для беспрепятственного доступа к объектам социальной и транспортной инфраструктуры, в соответствии с Кодексом Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» влечет штраф на должностных лиц – в размере пятидесяти, на субъектов малого предпринимательства – в размере ста двадцати, на субъектов среднего предпринимательства – в размере двухсот, на субъектов крупного предпринимательства – в размере четырехсот месячных расчетных показателей.

Действие (бездействие), предусмотренное частью первой настоящей статьи, совершенное повторно в течение года после наложения административного взыскания, – влечет штраф на должностных лиц в размере восьмидесяти, на субъектов малого предпринимательства – в размере ста пятидесяти, на субъектов среднего предпринимательства – в размере двухсот пятидесяти, на субъектов крупного предпринимательства – в размере шестисот месячных расчетных показателей.

За девять месяцев текущего года Департаментом проведено 47 проверок из них 41 профилактический контроль и 6 внеплановых проверок. В ходе профилактического контроля и внеплановых проверок выявлены 374 нарушений, из них 176 нарушений необеспечение доступа инвалидам к объектам социальной и транспортной инфраструктуры.

По итогам профилактического контроля и внеплановых проверок внесены предписания по устранению выявленных нарушений, а также привлечены к административной ответственности 4 ответственных должностных лиц.

Департамент Комитета труда, социальной защиты и миграции по Алматинской области ежеквартально ведет мониторинг по устранениям выявленных нарушений и держит на постоянном контроле вопросы адаптации объектов для формирования безбарьерной среды.

Д.СЕНГЕРБАЕВ,
главный специалист отдела по контролю в сфере социальной защиты населения Департамента комитета труда, социальной защиты и миграции по Алматинской области.

Аудандық мәслихаттың шешімі

Сарқан ауданының Сарқан қаласы мен ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Сарқан ауданының Сарқан қаласы және ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихат сессиясының төрайымы
Сарқан аудандық мәслихатының хатшысы Қ. Абдрахманов

«КЕЛІСІЛДІ»
Сарқан ауданының әкімі М. Разбеков
Сарқан аудандық мәслихатының 20__ жылғы «____»_____№ _____ шешіміне № 1 қосымша

Сарқан ауданының Сарқан қаласының бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

№	Кадастрлық кварталдың нөмірі	Аймақ №	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
1	03-267-005	I	1.2
2	03-267-001	II	1.1
3	03-267-002		
4	03-267-006	III	1.0
5	03-267-007		
6	03-267-003	IV	0.9
7	03-267-004		
8	03-267-008		

Сарқан аудандық мәслихатының 20__ жылғы «____»_____ № _____ шешіміне № 2 қосымша

Сарқан ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

№	Аймаққа кіретін ауылдық елді мекендердің атауы (ауылдық округтер бойынша)	Аймақ №	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
1	Алмалы ауылы, Алмалы ауылдық округі	I	1,2
2	Қойлық ауылы, Қойлық ауылдық округі		
3	Екіаша ауылы, Екіаша ауылдық округі		
4	Бірлік ауылы, Сарқан қаласы	II	1,1
5	Бақалы ауылы, Бақалы ауылдық округі		
6	Абай ауылы, Алмалы ауылдық округі		
7	Пограничник ауылы, Амангелді ауылдық округі		
8	Черкасск ауылы, Черкасск ауылдық округі		
9	Қарауылтөбе ауылы, Амангелді ауылдық округі		
10	Шатырбай ауылы, Шатырбай ауылдық округі	III	1,0
11	Аманбөктер ауылы, Аманбөктер ауылдық округі		
12	Көкөзек ауылы, Амангелді ауылдық округі		
13	Кәкімжан Қазыбаев ауылы, Бақалы ауылдық округі		
14	Тополевка ауылы, Екіаша ауылдық округі		
15	Қарабөгет ауылы, Қарабөгет ауылдық округі		
16	Ақтұма ауылы, Черкасск ауылдық округі		
17	Тасқұдық ауылы, Бақалы ауылдық округі	IV	0,8
18	Лепсі ауылы, Лепсі ауылдық округі		
19	Көкжиде ауылы, Лепсі ауылдық округі		
20	Қарғалы ауылы, Черкасск ауылдық округі		
21	Көктерек ауылы, Көктерек ауылдық округі		
22	Мұқан Төлебаев ауылы, Қарашығаң ауылдық округі		
23	Шұбартөбек ауылы, Қарашығаң ауылдық округі	V	0,5
24	Қаратас станциясы, Лепсі ауылдық округі		
25	Баянбай ауылы, Аманбөктер ауылдық округі		
26	Ешкіөлмес ауылы, Черкасск ауылдық округі		
27	Аққайын ауылы, Черкасск ауылдық округі		
28	Теректі ауылы, Черкасск ауылдық округі		
29	Еркін ауылы, Қарабөгет ауылдық округі		
30	Үлгі ауылы, Қарашығаң ауылдық округі		
31	Ақбалық станциясы, Лепсі ауылдық округі		
32	Көкшалғын айрығы, Лепсі ауылдық округі		
33	Арғанаты айрығы, Лепсі ауылдық округі		
34	Сарықұрақ айрығы, Лепсі ауылдық округі		
35	Керегетас айрығы, Лепсі ауылдық округі		

Түсіндірме жазба

Сарқан ауданында 2011 жылы, Сарқан қаласы және 32 ауылдық елді мекеннің Сарқан аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 желтоқсандағы «Сарқан ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері мен елді мекендердегі аймақтардың шекараларын бекіту туралы» № 54-318 шешімімен бекітілген болатын.

Осы уақытта ауылдық елді мекенге 3 (үш) елді мекен қосылған, сонымен қатар 2 (екі) ауылдың атауы өзгертілген және Сарқан қаласының шекараларының кеңеюіне байланысты, жаңа көшелер пайда болған, кейбір көшелерінің атауы өзгертілген.

Аталған себептерге орай Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 36-158 шешімімен «Сарқан ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері мен елді мекендердегі аймақтардың шекараларын бекіту туралы» Сарқан аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 54-318 шешімінің күші жойылған.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Сарқан ауданының Сарқан қаласы және ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері бекітілуі тиіс.

Бөлім басшысы А.Сейпейов

Решение районного маслихата

Об утверждении границ оценочных зон и поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки города Саркан и сельских населенных пунктов Сарканского района

В соответствии с пунктом 1 статьи 11 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, подпунктом 13) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Сарканский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить границы оценочных зон и поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки города Саркан и сельских населенных пунктов Сарканского района согласно приложениям 1, 2.

2. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в департаменте юстиции Алматинской области и вводится в действие со дня официального опубликования.

Председатель сессии Сарканского районного маслихата
Секретарь Сарканского районного маслихата Абдрахманов К.

«СОГЛАСОВАНО»
Аким Сарканского района Разбеков М.

Приложение № 1 к решению Сарканского районного маслихата за № _____от «____»_____20__ года

Границы оценочных зон и поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки города Саркан Сарканского района

№	Номер кадастрового квартала	№ региона	Поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки
1	03-267-005	I	1.2
2	03-267-001	II	1.1
3	03-267-002		
4	03-267-006	III	1.0
5	03-267-007		
6	03-267-003	IV	0.9
7	03-267-004		
8	03-267-008		

Приложение № 2 к решению Сарканского районного маслихата за № _____ от «____»____20__ года

Границы оценочных зон и поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки в сельских населенных пунктах Сарканского района

№	Наименование сельских населенных пунктов, входящих в зону (по сельским округам)	№ региона	Поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки
1	село Алмалы, Алмалинский сельский округ	I	1,2
2	село Койлык, Койлыкский сельский округ		
3	село Екиаша, Екиашинский сельский округ		
4	село Бирлик, город Сарканд	II	1,1
5	село Бакалы, Бакалинский сельский округ		
6	село Абай, Алмалинский сельский округ		
7	село Пограничник, Амангельдинский сельский округ		
8	село Черкасск, Черкасский сельский округ		
9	село Караулытобе, Амангельдинский сельский округ		
10	село Шатырбай, Шатырбайского сельского округа	III	1,0
11	село Аманбоктер, Аманбоктерский сельский округ		
12	село Кокузек, Амангельдинский сельский округ		
13	село Какимжан Казыбаев, Бакалинский сельский округ		
14	село Тополевка, Екиашинский сельский округ		
15	село Карабогет, Карабогетский сельский округ		
16	село Актума, Черкасский сельский округ		
17	село Таскудык, Бакалинского сельского округа	IV	0,8
18	село Лепсы, Лепсинский сельский округ		
19	село Кокжиде, Лепсинский сельский округ		
20	село Каргалы, Черкасский сельский округ		
21	село Коктерек, Коктерекский сельский округ		
22	село Мукан Толебаев, Карашыганский сельский округ		
23	село Шубартубек, Карашыганский сельский округ	V	0,5
24	станция Каратас, Лепсинский сельский округ		
25	село Баянбай, Аманбоктерский сельский округ		
26	село Ешкиолмес, Черкасский сельский округ		
27	село Аккайын, Черкасский сельский округ		
28	село Теректы, Черкасский сельский округ		
29	село Еркин, Карабогетский сельский округ		
30	село Ульга, Карашыганский сельский округ		
31	станция Акбалык, Лепсинский сельский округ		
32	разъезд Кокшалгын, Лепсинский сельский округ		
33	разъезд Арганаты, Лепсинский сельский округ		
34	разъезд Сарыкурак, Лепсинский сельский округ		
35	разъезд Керегетас, Лепсинский сельский округ		

Пояснительная записка

В 2011 году решением Сарканского районного маслихата от 29 декабря 2011 года «Об утверждении поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки и границ зон в населенных пунктах Сарканского района» за № 54-318 в Сарканском районе, были утверждены границы города Саркан и 32-х сельских населенных пунктов.

В настоящее время к сельским населенным пунктам подключены 3 (три) населенных пункта, а также переименованы 2 (два) села и в связи с расширением границ города Саркан появились новые улицы а так же переименовано несколько улиц.

Решением Сарканского районного маслихата Алматинской области от 11 апреля 2018 года за № 36-158 отменено ранее выданное решение Сарканского районного маслихата от 29 декабря 2011 года «Об утверждении поправочных коэффициентов к базовым ставкам платы за земельные участки и границ зон в населенных пунктах Сарканского района» за № 54-318.

В соответствии с пунктом 1 статьи 11 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, подпунктом 13) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», границы оценочных зон и поправочные коэффициенты к базовым ставкам платы за земельные участки в города Саркан и сельских населенных пунктов Сарканского района подлежат утверждению.

Руководитель отдела Сейпейов А.

●Жеңіс жаңғырығы

ӘКЕ ӨНЕГЕСІН ұрпақтары ұмытпайды

Жеңіс күні біздің отандастарымыз үшін киелі мейрам. Толарсақтан қан кешіп, ұрпақ келешегі үшін жан алысып, жан беріскен шайқаста қаншама есіл ердің рухы өзге елде, жат топырақта жай тапты. Соғыстан аман оралғандар сол сұрапыл жылдардың жарақатынан жүрегіне жүк артып, кейінгіге аманат қалдырып бақиға аттанды. Бірақ олардың есімдері, ерен ерліктері әрқашан жадымызда.

Ауданымыздың әрбір ауылындағы Ұлы Жеңіске арналған ескерткіш тақталар, обелискілер сол отты жылдардың белгісіндей өткен күндерге, боздақтарға тағзым етер қасиетті орын болып табылады. Қатарлары күннен күнге сиреп бара жатқан зұлмат соғысты көзбен көрген аға буынның жүріп өткен жолы кейінгі жастар үшін аңызға айналып барады. Кезінде төрткүл дүниені төрт жыл бойы титіреткен сол сұрапыл соғысқа бастан аяқ қатысқан ақын Қасым Аманжолов «Өлімжауым, өмір-дос, Неге өлемін бостан-бос», «Күркіреп күндей өтті ғой соғыс», «Үстімде сұр шинелім, ақсаңдай басып келемін, қанды қырғын, қызыл от, қаптап жүр ажал дегенің», «Майдан етіп дүние төрін, Темір гүрзі қақтап отқа, Жекпе-жек кеп өмір, өлім, Соққыласып жатқан жоқ па?»,- деп өз өлеңдерінде сұрапыл жылдардың шындығын жырлаған болатын. Соғыс деген ұғымның астарында миллиондардың тағдыры жатқаны анық. Сол миллиондардың арасында миллионға жуық қаракөз бауырларымыз, оның ішінде бес мыңнан астам қыздарымыз болғаны және бар. Тағдырлы жылдар жылжыған сайын күңгірттеніп бара жатқанын мойындауға дайынбыз. Кейінгі ұрпақ соғыс ардагері дегенді баяғының батырларындай елестетері сөзсіз. Солай бола берсе екен деп тілейік лайым.

Әрине, майдангерлер ұрыс өртінің ішінде жүріп, орден, медаль алам немесе әскери шенімді жоғарылатам деген оймен соғысқан жоқ. Нақтылы сол күнге, сол сәттегі командирдің бұйрығын орындау үшін басын өлімге тікті. Ал әр жауынгердің күнделікті ерлігі жиналып, бір-біріне қосылып, Ұлы Жеңіске ұласты. Командирлер ұсынып, колбасшылары қол қойып, Мәскеу бекітсе тиесілі марапаттауларын алады. Тимесе өкпелеген жоқ. Олар үшін ең үлкен награда жауды жеңіп, отбасына аман-есен оралу еді. Бұл тағдыр жазуымен біреулеріне бұйырса, біреулеріне бұйырмады.

Аманбөктер ауылынан Ұлы Отан соғысына 230-дан астам ер-азамат кетіп, олардың 87-і ғана ауылға оралыпты. Осы ауыр жылдары майданға аттанған еркектер орнына әйел, бала-шаға еңбек еткенін көнекөздерден естіп өстік. Сол уақытта және соғыстан кейінгі жылдары ерен еңбектерімен ерекшеленген Зұбайра Аханова, Шәмші Бижанова, Салиха Мұхаметова, Тұрар Қасымбаева, Уәзипа Жантасова, Жаңылшақ Тегентаева, Зейнелхан Хасенова, Нұрсұлу Сейітбекованың есімдері ауылдастарының есінде. Наталья Прудникова доңғалақты трактордың рөліне отырса, Кәмила Диханшынова ұсталық етті, Бишара Құлахметова мен Қырғауыл Бершінбетова болса шөпті маялаушы болып еңбек істеген екен. Сол кезде Ілгербай Сейітбеков, Әбдуали Жылқыбаев, Рақымжан Мұсәпіров, Жұмәділ Қалиев, Сиқымбай Бершімбетов, Жәлел Алмағанбетов, Мұса Иманберлинов мал фермаларын басқарыпты. Атақты ұста Ибраев Нұрғалының көмекшісі Ботақараева Жақынбала деген анамыз болыпты. Осылайша қиындықты жеңе жүріп, бүгінгі мамыражай күнге жеткізген, соғыстан соң ауылында бригада басқарып, мал шаруашылығында, егін шаруашылығында еңбек етіп, зейнетке шыққан майдангер Әбдібай Маймековтың есімін де ауылдастары ұмыта қойған жоқ.

1918 жылы Ақсу ауданы Сағабүйен ауылында дүние есігін ашқан Әбдібай Маймекұлының ата –анасы 1919 жылы Аманбөктер ауылына көшіп келген екен. Сол 11 жасынан бастап осы ауылдың қалыптасу кезеңіне куә болған азамат 1942 жылы майданға аттанып, Сталинград шайқасында мергендер сапында өлім мен өмір арпалысында періштесі қорғап, өңіріне «Ұлы Отан соғысындағы Ерлігі үшін» медалін қадап, ауылға жеңіспен оралған екен. Кейіннен I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, мерекелік медальдармен марапатталды.

-Әкем Ұлы Отан соғысының II топтағы мүгедегі еді,-деп еске алады майдангердің ұлы, бұл күндері өзі де алпыстың асуынан асқан Бақытбек Әбдібайұлы. – Зейнет демалысына шыққан соң да ол кісі қарап отырмады. Майдандағы мергендігін жалғастырып, аңшылықпен шұғылданды. Қыста жыл сайын 15-тен астам қасқыр ұстайтын да өкіметке өткізіп, қоғам малын сақтауға өз үлесін қосатын.

Соғыс атаулының оңғаны жоқ. Соғысмықтының әлсізге үстемдігінен, не саясаттың салдарынан болатын қырғын. Ең өкініштісі, мұндай алапатта көбінде қарапайым халық зардап шегіп, құрбанға айналады. 1418 күнге созылған соғыста сарқандықтар арасынан жат жерде ажал тапқандар аз болмады. Халқымызда «Батыр өлген жерінде, бай туған жерінде» деген қатқылдау болса да қанатты сөз бар. Бұл нақылдың жауынгер халқымыздың ерте замандардан бері өз елін, жерін қорғаған ұзаққа созылған қасіретті соғыстардың салдарынан туғанына шүбә келтіруге болмас. Әбдібай ақсақал соғыс зұлматын кейінгілерге жеткізіп, туған жерінде 83 жыл ғұмыр кешті. 8 ұл – қыз тәрбиелеп, немере сүйіп, отбасының ғана емес ауылының құрметті ақсақалы атанды.

Соғыс салған жарақат, әрине, жанын мазалайтын. Дегенмен майдангер бүгінгі күнге аман жетіп, отты жылдардың шежіресін кейінгіге әңгімелеп беруге мұрсат берген тағдырына іштей шүкіршілік ететін. Біз бүгінгі күнге майдан жолдарынан өткен жеңімпаз, туған еліне жасампаз еңбек сіңірген Әбдібай Маймеков сынды ардагерлеріміздің арқасында жеткенімізді ешқашан естен шығармаймыз. Сондықтан мұндай адамдардың өнегелі ісі кейінгіге мұра болуы керек.

Жомарт МАҚАТҰЛЫ.

Елі сүйген, елін сүйген Елбасы!

Елін сүйген -Елбасы,
Сізді мақтан етеміз!
Өзіңізбен Нұр атам,
Белестерден өтеміз.

Халқың үшін тудыңыз,
Есіміңіз сақталып.
Еңселі ел құрдыңыз,
Еңбегіңіз ақталып.

Біз де Сіздей боламыз,
Білім алып гүлденіп.
Сізден үлгі аламыз,
Жақсы көңіл-күйге еніп.

Әмина ҰЛАНҚЫЗЫ,
Н. Островский атындағы мектеп-лицейінің 7 «А» сынып оқушысы.

Қиын сәтте қиындықтан қашпаған

Ауыр күнді артымызға тастауы,
Қиын сәтте қиындықтан қашпауы.
Тілім, дінім, ұлтым қайта көгерген,
Елбасымыз Нұрағаның бастауы.
Туды ұстап тура жолға түсіріп,
Жас Отанның өмірінде түсініп.
Елім, жерім деп ұрандап тайсалмай,
Бір керемет жасады-ау кісілік!

Жания САҒЫНДЫҚ,
Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің 3 «Б» сынып оқушысы.

Мен осындай елде туғам

Нұрын шашқан, бағымды ашқан,
Елде тудым бұл бақыт.
Жібек желі асқар белі,
Асқақтаған жырлатып.
Өс, өркенде асқақтай бер,
Жасыл өлкем жаңарған.
Мен осындай елде туғам,
Бізде қандай бар арман!

Азамат АСАНҰЛЫ,
Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің 3 «Б» сынып оқушысы.

Қыс қызығы - сырғанақ

Қыс. Бұл мезгілде адамдар табиғаттың құпиясын, ерекше бір ұмытылмас сәттерін тамашалайды. «Қыстың көзі қырауда» деген халқымыздың сөзі осы бір мезгілді айна-қатесіз баяндап тұрғандай немесе Абайдың «ақ киімді денелі, ақ сақалды...» деп келетін өлең жолдары да қыстың басқа жыл мезгілдерінен ерекшелігін паш етеді.

Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Әр маусымға тән сейіл-серуені де болады. Жазда адамдар суға шомылып, күнге қыздырынса, қыста шаналарын арқалап, биік жоталарға, таулы қыраттарға бет түзейді. Дала төсінде қолдан сырғанақ жасайтын қызықты сәттер де – өз алдына бір әңгіме. Барлығы қыстың суықтығын емес, бейнебір жылы нұрын, ыстық тартар сәулесін тауып алғандай қуанысады. Биік қыраттан төмен қарай аппақ қардың үстінде ізін қалдыратын шанасымен ызғиды.

Қыс айларының алғашқы күндері қызықты шақтарға толы. Бірде көшеден өтіп бара жатып сабақтан шыққан бір топ оқушылардың сырғанақ теуіп жүргендерін көріп қатты қуандым. Неге дейсіз ғой. Өйткені қазір далада ойнаған баланы сирек көресіз. Көбісі үйлерінде қалта телефонның, планшеттің не болмаса компьютердің алдында телміріп отырған балалар мен жеткіншектер. Расымен де, бір күн тұрмақ бір минутын телефонсыз елестете алмайтын жеткіншектер саны күн санап артып келеді. Соның салдарынан жол-көлік оқиғалары да көптеп орын алуда. Қоғамдағы келеңсіз жайттардың басым көпшілігі әлеуметтік желінің әлегінен болады десек қателеспеген болар едік. Сол себептен далада сырғанақ теуіп ойнап жүрген балалары көрсек қуанамыз.

Қыстың суық ызғарына қарамастан ойнап жүрген оқушыларға қарап күн сәулесі Жер-анаға шуағын төгіп, барша адамдарды өзінің жылы нұрына бөлеп, қысқы суықтың бетін қайтаруға бел шеше кіріскендей елестейді. Алыстағы таулы қыраттардан арқан бойы ұзап шыққан дала құстары әсем табиғаттың осынау ғажап шағына мейлінше құмарта қанат қағады. Алыс қиябелдердегі қалың қар көктемнің жылы лебі келгенше басқа тіршілікке орын босататын емес. Табиғаттың әдемі мезгілі – қыстың ерекше көрінісімен өріле түскен.

Даланың табиғаты тып-тыныш қалпынан, маужыраған күйінен серпіле түскендей күйде. Алатаудың сілемдері мен биік жоталарындағы қыс көріністері көздің жауын алып, жан баурайды. Қыс мезгілінің аязды күндерімен де қоса, ерекше бір жылылық сыйлайтын күндері аз емес. Әрбір төрт мезгілдің өн бойында бірімен-бірі атысып, қабаттасып жатқан ортақ күн райы бар. Қыс мезгілдері көңіл-күйді көтере түсіп, өзінің жылы күндерін аямай-ақ сыйлап жатыр. Мейірімін төккен Жер-Ана адам үшін өзінің ішкі сырларын ақтарғандай тылсым сырмен үн қатады. Көгілдір аспандағы шарбы бұлттар да өздерінің бағытын бір сәт тежеп, бейнебір сырласып тұрған арулардай. Ағаштар қыс мезгіліне дайындалып, шымырлана түсен. Олар көктем келісімен бүр жарып, айналаны көк бояуға бөлеуге әзір тұр. Алыстан мұнарлана көрінген тау бөктеріндегі қалың қарлар да бір сәт тыныстап, терең ойға шомады. Аспанмен таласқан Алатаудың асқақ шыңдары айналаға сабырлы көзбен барлай қарайды. Өзі биік тұғырда болғанымен, төмендегі тіршілік атаулыға көз тастап, қысқы ғажайыптарды бір өзінің бойына жия түскендей. Қыстың ғажайып ұмытылмас шақтары адам жанына шуағын шашып, нұрын төге түскендей, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Мадина АЙТОВА.

«20 НОЯБРЯ - ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ РЕБЕНКА»

Победители конкурса лучшее эссе среди учеников

Как построить мир без насилия? Я считаю, что это актуальный вопрос для людей. Люди беспокоются за свою жизнь и жизнь своих близких за подрастающее поколение. Мы засоряем природу и окружающий мир гибнет, людей убивают, похищают, причиняют физическую и моральную боль.

Я хочу видеть свое будущее мирным, процветающим. Если человек занят чем-то интересным, полезным для себя и окружающим и видит вокруг только счастливые лица и чистую природу, у него не возникнет мысль кого-то обидеть. Мир без насилия возможен только при том условии, когда без исключения в мире люди будут относиться порядочно, честно, воспитанно и т.д.

Я призываю вас всех сделать своим кредо по жизни следующие слова: «Твори добро на всей Земле, твори добро другим во благо». И тогда, в нашем мире будет больше добра, наше будущее будет счастливым!

Станислав ТИМОФЕЕВ,
ученик школы-лицея им. Н.Островского.

— — — — — — —

Каждый человек своего города боится за свою жизнь, и за жизнь будущего поколение. В наше время часто случаются ситуации с насилием. Насилие-это физическое давление. люди совершают плохие поступки из-за того что нет любви, доброты, взаимопонимание друг с другом. Поэтому люди идут на плохие поступки.

Я хочу чтобы мир стал лучше! Поэтому я предлагаю всем людям всего мира закладывать в детях нравственные качества с детства и обеспечить подростающего поколения счастливым будущем. Л.Н.Толстой говорил «Есть только один способ положить конец злу - Делать добро злым людям». То есть если злым людям показывать пример доброты, то они тоже станут хоть чуточку добрее. В конце хочу сказать: Начните с себя, совершайте добрые дела и наше подростающее поколение будет светлым!

Анастасия КРЮЧКОВА,
ученица школы-лицея им. Н.Островского.

МЕКТЕП ПЕН АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы, асыл мұраты.

Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, сол отбасындағы баланың бас ұстазы - ата-ана. «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» - демекші, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Береке-бірлігі мол үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды, болашақ өркениетке қосар үлесі бар. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының ояну тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен, олардың күнделікті іс-әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін» деген ұтымды ой айтқан. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету де өз пайдасын тигізеді.

Отбасы – белгілі-бір дәстүрлерді, адамшылық бейнені, идеялды, жақсы сөз, ұнамды мінез, ыстық ықылас, қуаныш, ашық әңгімелесу арқылы да баланың көңілін тауып, ішкі сырын ашуға болады. Дегенмен, жұмыс барысында көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарынан елеулі қателіктерді байқап жүрміз. Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көңіліне қаяу түсіріп жатса, бірі «адам болар бала өздігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абыройына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қоғам алдындағы беделін төмендетеді. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар қай кезде де бірлесе отырып жұмыс жасауы керек.

Адамның адамшылдығы жақсы ата-ана мен білікті тәрбиешіден. Тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тең түсуіне көп көңіл бөлген абзал. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік өздерінде екендігін ұмытып, баласының мінез-құлқы үшін қоғамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны өкінішті-ақ.

Бүгінгі кейбір жастарымыздың бойындағы келеңсіз қасиеттер мен жағымсыз мінез-құлықтардың қалыптасуына осындай жауапсыз ата-аналардың кемшілігі де өз әсерін тигізбей қоймайды дер едім. Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі жаңа заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Оған қойылар талап жан-жақты жетілген адамды тәрбиелеу. Ойлы ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, ата-ана, мектеп пен бала ынтымақтаса отырып, білім ордасындағы тәрбие отбасында жалғасын табатындай етіп ұштастыра білгеніміз жөн. Қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың: «Тәрбиедегі мақсат баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деп айтуы бала тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, қоғам алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын дәлелдейді. Әрине, отбасы өзінің дербес әрекеті арқылы тәрбие саласында ауқымды мәселелерді шешуде әлсіздік танытады. Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ал, тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабақтастық және ынтымақтастық өз үйлесімін табуы тиіс.

Н.БЕИСОВА,
Екіаша орта мектебі.

Ұстаз - жас ұрпақтың рухани сәулеткері

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, үкімет үдемелі индустрияланудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырған кезеңде оқушылардың математика мен физика пәндерінен біліміне, компьютерлік сауаттылық деңгейіне қойылатын талап та жоғары. Болашақта математикалық білімі мықты, компьютерлік сауаттылығы жоғары әрі ойлау қабілеті дамыған бала ғана ғылым мен техника тілін табысты меңгере алады. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек. Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты – пәндік онкүндігі болып саналады.

Қараша айының 11-22 күндер аралығында мектепте математика, информатика және физика пәндерінің онкүндігі өткізілді. Бірлестіктің атқарылатын іс-шараларының жоспары жасалып, бекітілді. Пән мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды онкүндік жоспары негізінде, заман талабына сай АКТ мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланып өткізді. Ашық сабақтарға тоқталар болсақ, физика пәні бойынша «7» сыныппен Қ.Жексенбекованың «Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі» тақырыбындағы, информатика пәні бойынша А.Адамбекованың «8»сыныппен өткен «Кірістірілген функциялар» тақырыбындағы, С.Садуакасованың математика пәнінен «5» сыныппен өткізген «Аралас сандарды қосу және азайту» т.б тақырыптарындағы ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өз деңгейінде мәнді өткізілді. Соңғы күні онкүндік қорытындыланып, белсенді оқушылар арнайы грамоталармен марапатталды. Қорыта келе айтарым, ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері және халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі.

С.САЛТАНБЕКОВА,
Ақын Сара атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі.

Обучение по-новому…

Казахстан уверенно заявляет о себе на международном уровне и не может оставаться в стороне от новых тенденций, форм и методов в образовании. Именно поэтому, по моему мнению, обновляется структура образования, уходит вспять традиционный репродуктивный стиль. Мы должны быть готовы к восприятию новых методов и содержаний образования. Я не ошибусь, если скажу, что курсы по обновленному содержанию воодушевили и активизировали учителей. Так как программа на спиральной основе предусматривает переход с традиционного стиля обучения к новой развивающей модели образования, которая обеспечивает познавательную активность и самостоятельность мышления школьников. Ожидаемыми результатами программы, является сформированность у учеников навыков обучения тому, как учиться и, как следствие, становление их независимыми, увлеченными, уверенными в себе, ответственными личностями с развитым критическим мышлением, проявляющим компетентность, в том числе и в цифровых технологиях. Я считаю, что уровень Казахстанского среднего образования должен соответствовать задачам развития государства и обеспечивать конкурентоспособность в современном мире. Как учитель, болеющий душой за будущее своей страны, хочется пожелать стабильности и процветания Казахстану, а своим коллегам быть «строителями ветряной мельницы» как говорится в китайской мудрости, и конечно же, творческих успехов и талантливых учеников! А закончу я свою статью одним из своих стихотворений-выводов на курсах по обновленному содержанию программы:

Каждый урок начинается с темы
И с указанной основы его цели,
Шифруются кодом С,Г,Ч,П, ИЯЕ
При планировании КСП.
Заостриться внимание на дифференциацию должно,
А вытекает ведь из кодовой цели оно.
Это и есть ожидаемый результат ученика
И тот критерий-задание, что для выполнения дано
На них нужно эффективные стратегии выбирать
И особое внимание на дескрипторы уделять
Систематически знания учащихся проверять
Новой формативной оценкой поддержать
Школьников нужно на взаимообучение направлять,
Ученик самостоятельно должен пути решения проблемы искать
Учитель должен такую благоприятную среду создавать,
Чтоб ученик своими умениями не переставал его удивлять
Есть разные методы оценивания и формы,подходы новы
Сравнивать, унижать запрещено, но корректировки важны,
Чтоб они на пути становления дитю помогли;
И к навыкам широкого спектра его привели.
В конце урока обратная связь должна быть,
Чтобы за уровнем знаний ученика проследить.
Рефлексия учителя:что сумел, а в чем пробел
Все это нужно при написании КСП не забыть.

Б.СЫДЫКОВА,
учительница русского языка и литературы Екиашинской СШ.

ҚазҰУ-ымен мақтанамын!

Қазақ ұлттық университеті өзінің негізін 1934 жылы қалағаннан бастап Қазақстандағы білім беру жүйесінің бетке ұстар көркі, университеттік дәстүрлердің, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау – көзі болды. Осы сапалы білімнің қара шаңырағы, Қазақстандағы білім беру жүйесінің тірегі, ескінің көзін көрген, 85 жылға жуық бай тарихы жинақталған ұлттық университетте еліміздің түкпір түкпірінен, алыс-жақын шет елдерден келіп, оқып жатқан студенттер жетерлік.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші, әрі әлемдік білім нарығындағы бәсекеге қабілетті, әлемдегі ең үздік 800 университет арасында 275-ші орынды иемдене білген, Қазақстандағы номері бірінші университет, сонымен қатар білім мен ғылымның ұлттық көшбасшысы. Сондай –ақ халықаралық QS рейтингісі бойынша әлемдік үздік 250-топ университет қатарына еніп 236 орынды иемденді. Университет 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды. Университет құрамында 15 факультет, 98 кафедра, 20 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, Технопарк қызмет атқарады: 2000-нан астам профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары мен философия докторлары университетте қызмет атқарады. ҚазҰУ-дың 41 мамандығы сапа сараптамасы мен экономикалық, құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық бағытта білім беру бағдарламалары бойынша аккредиттеуден табысты өткен университет. Университетте көпсалалы жоғары кәсіби білім жүйесі бойынша 20000 студент білім алуда. ҚазҰУ қалашығында осы студенттерге барлық жағдай жасалған. Мысалы, интернет орталығы, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, мұражай, тамақтандыру комбинаты, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, компьютерлі-техникалық жабдықтар, WI-FI сымсыз интернет желісі, ауқымы кең спорттық кешен, Дмитрий Баландин атындағы 25 метрлік жүзу бассейні сияқты орталықтар орналасқан. Онымен қоса ең бай кітапхана — әл-Фараби атындағы кітапхана орналасқан. Қойнауында 2 миллионнан астам кітап қоры бар зәулім сарайда әр студент өзінің керегіне еш қиындықсыз қол жеткізе алады. Орта Азиядағы жоғары оқу орындары арасындағы ең үлкен кітап қорына ие болған бұл кітапханада Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын мұражайы, ұлы ғұламаның ғылыми-ағартушылық мұрасын зерттеумен айналысатын әл-Фараби орталығы орналасқан.

Сонымен қатар биылғы жылғы білім гранттарының көрсеткіші бойынша, ҚазҰУ бірінші орынға ие болды. Университеттің ауыз толтырып айтарлық жетістіктері мұнымен шектелмейді, бастысы білімге деген ұмтылыс өшпесе болғаны. Бұл тұрғыда, ҚазҰУ жастарының жалынды, жігерлі, білімді, өнерлі, һәм білімпаз екенін алға тартуға болады.

Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін!», — демекші арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастардың отаны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті!

Қаламқас ӘСЕТОВА,
тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ XIV съезі

«Кәсіподақ әрқашанда еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы нақты институт болған және бола бермек».
Н.Ә.Назарбаев.

Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейінде Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары Естібаев Нариман Естібайұлының қатысуымен аудандық «Үздік бастауыш кәсіподақ ұйымы» байқауының іріктеу кезеңі өтті. Шара барысында 9 қазан Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ XIV съезіне ауданымыздан делегат болып барған маған да сөз кезегі бұйырды.

Кәсіподақтың маңызды міндеті – педагогикалық және ғылыми кадрлардың әлеуметтік мәртебесін одан әрі арттыру, салада әлеуметтік әріптестікті дамыту, өз мүшелерінің кәсіптік мүдделері мен экономикалық құқықтарын қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру. Бүгінгі күні Кәсіподақтың жалпы саны 730 302 кәсіподақ мүшесінен тұратын 20 облыстық және аумақтық ұйымдар мен 4 Кәсіподақ филиалын, 9296 бастауыш кәсіподақ ұйымдарын біріктіреді. Еліміздегі ең ірі қоғамдық бірлестік болып табылады. Кәсіподақ мүшелік ұйым ретінде Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясының құрамына кіреді.

Баяндамамды Елбасымыздың «Кәсіподақ әрқашанда еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы нақты институт болған және бола бермек» сөзімен бастап,

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы және «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ XIV съезінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасы туралы ойыммен бөлістім.

Кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттары: - 3.1. Білім және ғылым саласындағы мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыруға қатысу. - 3.2 Білім және ғылым қызметкерлері мен білім алушылардың әлеуметтік мәр-тебесін арттыру. - 3.2.2.қоғамдағы педагог мамандығының мәртебесін арттыру жөніндегі төмендегі шараларды жүзеге асыру үшін ықпал ету. - 3.6. Кәсіподақты ұйымдастырушылық және кадрлық нығайту. - 3.7. Кәсіподақ қызметін ақпараттық қамтамасыз ету.

Аталған бағыттарға тоқталып, 2019-2024 жылдарға арналған бағдарлама мемлекеттік жастар саясатына, жастарды маңызды әлеуметтік жобаларға қатыстыруға, оларды қоғамдық қатынастарға бағыттау үшін жастардың әлеуметтендіру бағдарламаларының қолжетімділігін, педагогикалық қызметкерлердің қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін арттыруға, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңынан күтілетін жеңілдіктердің, кепілдіктердің ең көп санын, педагогтарды құқықтық қорғаудың түрлі нысандарын бекітуге, кәсіподақта оқу-әдістемелік орталығын құруға, кәсіподақ кадрлары мен активінің біліктілігін арттырудың жаңа жүйесін тәжірибеге енгізуге, жаңа PR-технологияларды, әлеуметтік жарнаманы, әлеуметтік желілерді, интернет-форумдарды, интернет желісіндегі басқа да алаңдарды қолдану негізінде ақпараттық кеңістікті кеңейту жолымен Кәсіподақтың жағымды имиджін нығайтуға және кәсіподақ мүшелегіне ынталандыруды күшейту жөніндегі жұмысты жандандыруға, қызметкерлер мен білім алушылардың демалысын, емделуі мен денсаулығын қорғауды ұйымдастыру жөніндегі шараларды қаржыландырудағы мемлекеттік қолдау деңгейін арттыруға, салалық ерекшелікті ескере отырып, жалақыны қалыптастырудың жаңа нысандарын енгізу мақсатында педагогикалық қызметкерлердің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жалақы деңгейіне қол жеткізуге, азаматтық қызметшілердің қолданыстағы еңбекақы жүйесін қайта қарауға, педагогикалық қызметкерлердің мансаптық өсу, үздіксіз кәсіптік даму жүйесін құруға, білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті дамытуға, кәсіподақ активі мектебінің желісін дамытуды қамтамасыз ету, кәсіподақ үйірмелерін құру, кәсіподақ кадрлары мен активінің біліктілігінің жеке деңгейін арттыру бағытталған.

Кәсіподақ бірлік, ынтымақтастық, әділдік, тәуелсіздік сияқты кәсіподақ қозғалысының принциптерін ұстанатындығын, Кәсіподақ білім берудің жоғары стандарттары мен сапасын, педагогикалық және ғылыми мамандықтардың мәртебесі мен қоғамдықтанылуын, білім және ғылым қызметкерлерінің лайықты еңбек жағдайын қолдайтындығы жөнінде айтып, сөзімді қорытындыладым. XIV съездің қойған міндеттерін жүзеге асыру жолында қарқынды жұмыс жасап, өзімізді қазақстандық қоғамның белсенді, жасампаз күші ретінде көрсетіп, заманауи қоғамда қарыштап даму жолдарын жүзеге асырайық.

А.ИСЫПҚАЛИ,
Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Хабарландыру * Объявления

Выезд в регионы

РЕМОНТ
Холодильников,
Морозильников.
С выездом на дом
ОБРАЩАТЬСЯ СОТ.
87028051458.

Продается квартира г.Саркан ул.Абая №2, квартира 2 возле центральной больницы, рядом школа Ленина, детский сад «Кулыншак» с центральным отоплением горячая и холодная вода, евроремонт, частично меблирована. Также продается мягкая мебель тахта, платяной шкаф, кухонный шкаф **(произ.Украина). Тел: 87006852062.**

Сдается в аренду мини-пекарня, есть наработанные точки и пекари. Панфилова 21. Тел: 87006852062.

Срочно требуется бухгалтер с опытом работы со знанием 1с и по налоговым отчетностей. Резюме отправлять на ватсап 87757191969.

Проводим распродажу зимней одежды, куртки до 50 процентов. А также скидки от 20 до 50 процентов. Большой ассортимент подростковых, девчуковых курток, скидка 50 процентов. **Обращаться центральный рынок, блок 2, бутик № 5.**

Біз КТИ оқу орнына түсуге кеңес береміз

«Құтқару міндеті - мейірбан жандарға лайық» ұранымен бүгінгі күні өз курсанттарын ҚР ІІМ ТЖК Көкшетау техникалық институты оқытып жатыр.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Көкшетау техникалық институты жоғары адамгершілік және іскерлік қасиеттері бар, түрлі сипаттағы экстремалды жағдайларда шешім қабылдай алатын, азаматтық қорғау органдарында қызмет ету үшін «Өрт қауіпсіздігі», «Төтенше жағдайларда қорғау» мамандықтары бойынша жоғары білімді білікті офицерлерді даярлайтын Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК жалғыз ведомстволық оқу орны болып табылады.

ИНСТИТУТТА ОҚУ ШАРТТАРЫ:

Курсанттар республикалық бюджет есебінен оқытылады. Курсанттар барлық оқу кезеңінде киім-кешекпен, тамақтану және мемлекеттік шәкіртақымен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар каникулярлық демалыс кезіндегі жолақысы төленеді.

Институттың күндізгі оқу түрінің толық курсын бітірген, 4 жыл оқыған тұлғалардың білім алу уақыты әскери қызметті өтеу уақытына теңеледі. Аталған оқу орнына түсуге ниет білдіргендер Сарқан ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен бағыт алуға болады. **Мекен-жайы: Сарқан қаласы, Әуезов көшесі №41. Байланыс телефоны 8(72839)2-24-43. Сот.8702 783 69 09.**

А. ТИЫНОВ,
Сарқан ауданының ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры.

ТЕЛЕДИДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Дүйсенбі-Понедельник 9 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.10 ҚР ӘНҰРАНЫ 06.05, 17.15, 03.50 «Көңіл толқыны» 06.25 «Мәселе» бағдарламасы 07.00 «TANSHOLPAN» 10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр» 12.00,01.00 «Ниет» 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT 14.10 , 22.30 Т/х «Гауһар» 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен» 16.00 «Апта» бағдарламасы 16.45,03.00 «Баланың көңілі» драмасы 17.10, 23.25 Т/х «Қазақ елі» 20.35, 02.30 «Ашық алаң»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ 06.00 М/с «Юху и его друзья» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар» 08.00 Жаңалықтар 09.00 Новости 10.00, 22.30 Т/х «Дала қырандары» 10.45, 20.10 Т/х «Армандастар» 11.15 Д/ф «Марс» 12.00 Жаңалықтар 12.30 «Менің тағдырым» 13.00 Т/с «Свадьбы и Разводы» 14.40 Т/с «Разия» 15.00 «Білім» 15.30 «Бір туынды тарихы» 16.00 «Ду-думан» 17.00, 23.20 Т/с «Листопад» 18.30 Т/х «Шашу» 19.30 Қорытынды жаңалықтар 20.45 ,01.45 «Народный контрол» 21.00 Итоги дня 21.40 Т/х «Абдулхамит хан» 00.40 «Төрлетіңіз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Зәуре» 06.40, 03.00 «Той заказ» 07.20, 18.00 «Басты бағдарлама» 08.00 «Доброе утро» 11.00 «Мужское/Женское» 12.00 «QALAYYM LIVE» 15.40 «На самом деле» 16.50 Т/с «Гончие-5» 18.00 «Басты жаңалықтар» 18.45 «Пусть говорят» 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20.45,22.50 Сериал «Тест на беременность» 22.00,01.55,03.45 «П@утіна» 00.45 Ночной кинотеатр «Операция «Мухаббат»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран 07.05 «Әсем әуен» 07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Апта /қаз/ 10.00 Апта (рус) 11.00 «Спорт-тайм» 11.20 «Полицейская служба» 11.40 «Латыннегізді әліпби» 12.00 «Киноман» 12.55 «Зерделі отбасы» 14.00 «Тілсақшы» 14.20 «Әсем әуен» 14.45 К/ф «Біржан сал» 17.00 Жаңалықтар 17.15 «Әсем әуен» 17.20 Новости 17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы» 18.00 «Шашу» 19.00 «Әдебиет пен адамзат» 19.30 «Ел қамы» /тікелей эфир/ 20.30 Жаңалықтар 21.00 «Туржорық» 21.30 Новости 22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 57-бөлім 22.45 «Нет-лайк» 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости 23.55 Әнұран

Сейсенбі-Вторник 10 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.20 ҚР Әнұраны 06.05, 17.15 «Көңіл толқыны» 06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT 07.00 «TANSHOLPAN» 10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр» 12.00 «Ниет» 14.10 Т/х «Гауһар» 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен» 16.00 «Жан жылуы» 16.25 «Нұр-Тілеу» сұхбат 17.10, 23.25 Т/х «Қазақ елі» 20.35, 01.00 «Ашық алаң» 01. 50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар лигасы 04.35 «Жан жылуы»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны 06.00 М/с «Юху и его друзья» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар» 08.00,12.00 Жаңалықтар 09.00 Новости 10.00, 22.30 «Дала қырандары» 10.45, 20.10 Т/х «Армандастар» 11.15, 21.40 Т/х «Абдулхамид хан» 12.00 Жаңалықтар 12.30 Елордаға арналған деректі фильм 13.00 Т/с «Свадьбы и Разводы» 14.40 Т/с «Разия» 15.00 «Қоғамдық талқылау» 16.00 «Ду-думан» 17.00, 23.20 Т/с «Листопад» 18.30 Т/х «Шашу» 19.30 Қорытынды жаңалықтар 20.50 Премьера! Новый курс 21.00 Итоги дня 00.50 «Төрлетіңіз»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.40 Т/х «Зәуре» 06.40, 03.15 «Той заказ» 07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар» 08.00 «Доброе утро» 11.00 «Мужское/Женское» 12.00 «QALAYYM LIVE» 15.45 «На самом деле» 16.50 Т/с «Гончие¬5» 18.45 «Пусть говорят» 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20.45, 22.50 Т/с «Тест на беременность» 22.00, 01.55, 03.45 «П@УТІNA» 00.45 Ночной кинотеатр. «Операция «Мухаббат»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран 07.05 «Әсем әуен» 07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 Туржорық 10.30 «Әдебиет пен адамзат» 11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 57-бөлім 12.00 «Ел қамы» 13.00 «Шашу» 14.00 «Әсем әуен» 14.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет» 15.00 «Әсем әуен» 16.00 «Болмыс» ток-шоуы 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы» 18.00 «Шашу» 19.00 «Диалог» /прямой эфир/ 19.30 «Әсем әуен» 20.30 Жаңалықтар 21.00 «Экорейд» 21.30 Новости 22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 58-бөлім 22.45 «Әсем әуен» 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости 23.55 Әнұран

Сәрсенбі-Среда 11 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.00 Әнұран 06.05, 17.15 «Көңіл толқыны» 06.30,14.00,17.00,20.00,00.45 AQPARAT 07.00 «Таңшолпан» 10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр» 12.00, 00.40 «Ниет» ток-шоуы 14.10, 22.30 Т/х «Гауһар» 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен» 16.00 Д/ф «Тұлға» 16.35,04.25 «Бір күн» 20.35,00.40 «Ашық алаң» 23.25 Т/х «Қазақ елі» 01.50 ФУТБОЛ.УЕФА

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны 06.00 М/с «Юху и его друзья» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар» 08.00,12.00 Жаңалықтар 09.00 Новости 10.00, 22.30 «Дала қырандары» 10.45, 20.10 Т/х «Армандастар» 11.15, 21.40 Т/х «Абдулхамид хан» 12.30 «Менің тағдырым» 13.00 Т/с «Неслучайная встреча» 14.40 Т/с «Разия» 15.00 «Қарақатпен шай» 16.30 Т/с «Ду-думан» 17.00, 23.20 Т/с «Листопад» 18.30 Т/х «Шашу» 19.30 Қорытынды жаңалықтар 20.45, 01.45 «Біздің назарда» 20.50 Премьера! Новый курс 21.00 Итоги дня 00.450 «Қызық таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.15 Т/х «Зәуре» 06.40,03.00 «Той заказ» 07.10,18.00 Басты жаңалықтар 08.00 «Доброе утро» 11.00 «Мужское/Женское» 12.00 «ҚалаулымLive» 15.40 «На самом деле» 16.50 Х/ф «Гончие-5» 18.45 «Пусть говорят» 20.00 Главные новости 20.45, 22.50 Т/с «Тест на беременность» 22.00,01.50,03.45 «Паутина» 00.40 «Опирация «Мухаббат»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран 07.05 «Әсем әуен» 07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 «Экорейд» 10.30 «Диалог» 11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 58-бөлім 12.00 «Әсем әуен» 12.45 «Ем болсын» 13.00 «Шашу» 14.00 «Жетісу зертханасы» 14.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары» 15.00 «Әсем әуен» 16.00 «Жүрек сөзі» 16.30 «Ауылдағы ағайын» 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 «Ем болсын» 18.00 «Шашу» 19.00 «Ұлт пен рух» 19.30 «Кең ауқымда» 20.00 «Қателік» 20.30 Жаңалықтар 21.00 «Арнайы репортаж» 21.30 Новости 22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 59-бөлім 22.45 «Әсем әуен» 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости 23.55 Әнұран

Бейсенбі-Четверг 12 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.45 Әнұран 06.05, 17.15 «Көңіл толқыны» 06.30,14.00,17.00,20.00,00.45 AQPARAT 07.00 «Таңшолпан» 10.00, 18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр» 12.00, 01.45 «Ниет» ток-шоуы 14.10, 22.30 Т/х «Гауһар» 15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен» 16.00 «Жүз жаңа есім» 16.30, Д/ф «Беймалым Алаш» 17.10,23.25 Т/х «ҚАЗАҚ ЕЛІ» 20.35, 01,00 «Ашық алаң» 01.50 Футбол 23.55 Т/х «Қазақ елі» 00.40 «Нұр Тілеу» сұхбат

ХАБАР

06.00 ҚР ӘНҰРАНЫ 06.00 М/с 07.30,08.10,09.10 «Таңғы хабар» 08.00,12.00 Жаңалықтар 09.00 Новости 10.00,22.30 Т/х «Дала қырандары» 10.45,20.10 Т/х «Армандастар» 11.15,21.40 Т/х «Абдулхамит хан» 12.00 «Жаңалықтар» 12.25 «Олжалы отбасы» 13.00 Т/с «Между нами девочками» 14.40 Т/х «Разия» 15.00,00.50 «Тарих, тағдыр, тұлға» 15.50 «Подари детям жизнь» 16.00 «Ду-думан» 17.00,23.20 Т/х «Листопад» 18.30 Т/х «ШАШУ» 19.30 Қортынды жаңалықтар 20.50 Открытый диалог 21.00 Итоги дня 00.40 «Көрімдік»

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.15 Т/х «ЗӘУРЕ» 06.40,03.00 «Той заказ» 07.10,18.00 Басты жаңалықтар 08.00 «Доброе утро» 11.00 «Мужское/Женское» 12.00 «ҚалаулымLive» 15.40 «На самом деле» 16.50 Х/ф «ГОНЧИЕ-5» 18.45 «Пусть говорят» 20.00 «Главные новости» 20.45,22.50 Т/с «Тест на беременность» 22.00,01.30,03.30 «Паутина» 00.45 Н/к«Операция Мухаббат»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран 07.05 «Әсем әуен» 07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 «Арнайы репортаж» 10.30 «Ұлт пен рух» 11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 59-бөлім 12.00 «Кең ауқымда» 12.30 «Қателік» 12.45 ««Әсем әуен» 13.00 «Шашу» 14.00 «Тастүлек» 14.30 «Спорт-тайм» 15.00 «Әсем әуен» 16.00 «Киноман» 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы» 18.00 «Шашу» 19.00 «Тұжырым» /тікелей эфир/ 19.30 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен» 20.30 Жаңалықтар 21.00 «Тілсақшы» 21.30 Новости 22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 60-бөлім 22.45 «Әсем әуен» 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости 23.55 Әнұран

Жұма-Пятница 13 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.55 Әнұран 06.05 Көңіл толқыны 06.30, 14.00, 17.00, 20.00,01.05 AQPARAT 07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама 10.00, 18.10 Т/х. «Шытынаған тағдыр» 12.00, 01.35 NIET Әлеуметтік тоқ-шоу 14.10, 22.30Т/Х «Гауһар» 15.00, 21.30 Т/х. «Жат мекен» 16.00 Иман өзегі 16.25, 03.55 «Жарқын бейне» 17.10, 23.25 Т/х «Қазақ елі» 20.35, 03.05 «Ashyq alan» 00.30 «Parasat maidany» 04.25 Ауылдастар

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны 06.00, 00.50 «Қызық times» 07.00 М/с «Клео-забавный щенок» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар» 08.00 «Жаңалықтар» 09.00 «Новости» 10.00 Т/Х «Дала қырандары» 10.45, 20.10 Т/Х «Армандастар» 11.15 Т/х «Абдулхамид хан» 12.00 Жаңалықтар. Новости 12.30 Патриот 13.00 Сериал «Между нами девочками» 14.40 Сериял «Разия» 15.00 Ток-шоу Давайте говорить с Айгуль Мукей 16.00 Дневник 16.30 «Религия. Сегодня » 17.00 Сериал «Листопад» 18.30 Т/Х «Шашу» 19.00 Д/Ф «Өнегелі ғұмыр» 19.30 Қорытынды жаңалықтар 20.50 Премьера Новый курс 21.00 Итоги дня 21.40 «Опасный Бангкок» 23.15 Khabar boxing

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар» 06.45, 18.00 Басты жаңалықтар 07.45 Жұма уағызы 08.00 Доброе утро 11.00 «Мужское/Женское 12.00 «Қалаулым» 15.45 «Давай поженимся» 16.45 «Жди меня Казахстан» 20.00 Главные новости 20.45 Поле чудес 22.00, 00.00 «Акушерка. Новая жизнь» 23.00, 02.15 Паутина 04.00 Той заказ

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран 07.05 «Әсем әуен» 07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 «Тілсақшы» 10.30 «Тұжырым» 11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 60-бөлім 12.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен» 12.45 «Әсем әуен» 13.00 «Шашу» 14.00 «Экорейд» 14.30 Себастьян Бахтың шығармалары 15.00 «Әсем әуен» 15.50 Мультфильм «Тазша бала» 16.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат» 16.30 Д/ф «Кең ауқымда» 17.00 Жаңалықтар 17.20 Новости 17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы» 18.00 «Шашу» 19.00 «Кең ауқымда» 19.25 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен» 20.30 Жаңалықтар 21.00 «Желі-KZ» 21.30 Новости 22.00 «Болмыс» ток-шоуы 22.45 «Әсем әуен» 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости 23.55 Әнұран

Сенбі-Суббота 14 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.45 Әнұран 06.05 Qyzyq eken 07.00 AQPARAT 07.30 «Сәлем, Қазақстан» 09.00,02.40 Бір күн 09.25 Тұсаукесер «Толағай» 10.00,18.00 Т/х. «Шытынаған тағдыр» 12.00,01.00 Nur Tiley 12.35 «Екі жұлдыз» күнделік 12.50 «Отан - отбасынан басталады» республикалық отбасылық айтыс 14.20 «Сүйгенім бол» «Меломен» тобының концерті 16.15 М/ф. «Кішкентай қаһарман» 17.30 «Бір күн» 20.00,01.30 MASELE 20.35 «Әзіл әлемі» 21.00 «Екі жұлдыз» 22.40 «Сүймегенге сылтау көп» комедия 00.30 «Ауылдастар» 02.05 Parasat Maidany 03.05 Көңілашар 03.45 Konil tolqyny

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны 06.00 Тамаша 07.00 Ұлттық олимпиада комитетінің марапаттау рәсімі 08.50,01.45 Өзін өзі тану 09.00 Тұсаукесер «Өнші балапан» 10.30 М/с. «Нильс Хольгерсон» 11.30 Премьера! «Не туристы» 12.00 Д/ф. Бір туынды тарихы «Тақиялы періште» 14.00 Шоу талантов «Central Asias Got Talent» 15.40 Т/х. «Армандастар» 18.20 Қызық Times 19.20 Новый сезон. Музыкальное шоу вокалистов «Topjargan» 21.00 «7 күн» 22.00 Мегахит «Хатико: самый верный друг» 23.30 Сериал «Черный список» 00.20 National Geografic «Марс» 01.10 «Менің тағдырым» деректі драма

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Последнее королевство» 07.00 Тамаша сити 07.55 Басты жаңалықтар 08.40,04.15 Ұшқалақ 08.50 Мелодрама «Верни мою любовь» 12.50 «Фабрика грез» 13.15 «Әкемізге қалыңдық» 14.30 Шоу «Лучше всех» 15.50 Х/ф. «Река памяти» 18.00 Сенбілік жаңалықтар 18.35, 03.15 Кешкі кездесу 20.00 «Главная тема» 20.30,23.00 Х/ф. «Беглянка» 22.00,02.30 «П@утина+» 00.30 Кино «Пятая волна»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран 07.05 «Әсем әуен» 07.30 «Таңжарық» 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 «Желі-KZ» 10.30 «Кең ауқымда» 11.00 «Болмыс» ток-шоуы 11.45 Мультфильм «Тазша бала» 12.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен» 12.45 «Ем болсын» 13.00 «Шашу» 14.00 «Арнайы репортаж» 14.30 «Әдебиет пен адамзат» 15.00 «Әсем әуен» 15.50 Мультфильм «Ақ қаз» 16.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат» 16.25 «Қателік» 16.45 «Ем болсын» 17.00 Жаңалықтар 17.10 «Балабазар» 17.20 Новости 17.35 «Единый народ» 18.00 «Зерде» 18.50 «Полиция қызметі» 19.10 «Құтқару қызметі» 19.30 «Жүрек сөзі», 20.00 «Ауылдағы ағайын» 20.30 Жаңалықтар 21.00 «Жетісу зертханасы» 21.30 Новости 22.00 «Өмір әні» 22.45 «Әсем әуен» 23.00 Жаңалықтар 23.30 Новости 23.55 Әнұран

Жексенбі-Воскресенье 15 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қызық екен» 07.00 «Сәлем, Қазақстан!» 08.20 М\ф 09.35. 03.00 «Ақсауыт» 10.00, 18.00 Т\х «Шатынаған тағдыр» 12.00, 01.50 «Дара жол» 12.50 Айтыс 14.10 Комедия «Сүймегенге сылтау көп» 15.50 «Әзіл әлемі» 16.20 «Екі жұлдыз» 20.00, 03.25 «Арта» 20.45 «Үш алып келеді күш алып» 21.15 «Жаужүрек мың бала» 02.35 «Бір күн» 04.10 «Көніл толқыны»

ХАБАР

06.00 Концерт «Елге сәлем» 07.50 «Самопознание» 08.00 Бокс 11.30 «Жауынгер» 11.50 «Судьба человека – судьба страны» 12.50 «Топжапар» 14.30 Т/х «Дала қырандары» 17.20 Концерт 19.20 «Central Asia`s God Talent» 21.00 «7 күн» 22.00 «Қазақ хандығы. Алмас Қылыш» 00.15 Бокс 01.15 Черный список

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Последнее королевство» 07.00, 03.30 «Тамаша сити» 07.50 «Сенбілік жаңалықтар» 08.25, 04.15 «Ұшқалақ» 08.35 «Воскресные беседы» 08.50 «Верни мою любовь» 13.25, 22.00, 01.40 «Паутина» 14.15 Концерт 15.50 Х/ф «Чужие дети» 18.00 Басты бағдарлама 18.35. 02.30 «Әкемізге қалыңдық» 20.00 Аналитика 20.55, 23.00 Сериал «Вопреки судьбе» 00.45 «Жизнь других»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран 07.05 «Әсем әуен» 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.00 «Жетісу зертханасы» 10.25 «Единый народ» 10.45 «Құтқару қызметі» 11.00 «Өмір әні» 11.45 Мультфильм «Ақ қаз» 12.00 «Жүрек сөзі» 12.30 «Ауылдағы ағайын» 13.00 «Зерде» 13.45 «Полиция қызметі» 14.05 «Туржорық» 14.30 «Ұлт пен рух» 15.00 «Әсем әуен» 16.30 Д/ф «Кең ауқымда» 17.00 «Үшінші көз» 17.20 «Латыннегізді әліпби» 17.30 «Әсем әуен» 18.00 «Зерделі отбасы» 18.40 «Полицейская служба» 19.00 «Спорт-тайм» 19.30 «Киноман» 20.30 Апта /қаз/ 21.30 Апта / рус/ 22.20 К/ф «Жерұйық» 00.15 Әнұран

Қоғамдық тыңдау өткізіледі

Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 57-2 бабы 1 тармағының 6) тармақшасына сәйкес Сарқан ауданы, Тополевка ауылы мекен-жайында **2020 жылдың қаңтар айының 5 күні сағат 11-00 –де «Сарқан ауданы, Тополевка ауылы** мекен-жайында орналасқан 80 орынға арналған , 25 орыннан тұратын шағын орталығы бар орта мектептің құрылысы» нысанының құрылысы және пайдалану кезіндегі табиғатты қорғау іс-шаралары мен «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Байланыс телефондары: 8(72839)2-26-75, sarkanstroi@mail.ru электрондық мекенжайы

В соответствии с подпунктом 6) п. 1 статьи 57-2 Экологического Кодекса Республики Казахстан **5 января 2020 года в 11-00 часов в с.Тополевка** Сарканского района состоится общественное слушание по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» на период строительства и эксплуатации объекта «Строительство школы на 80 мест с мини-центром на 25 мест», расположенного в с.Тополевка Сарканского района Алматинской области.

По всем интересующим вопросам обращаться по телефонам 8(72839)2-26-75, электронный адрес sarkanstroi@mail.ru

Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 57-2 бабы 1 тармағының 6) тармақшасына сәйкес Сарқан ауданы, Бірлік ауылы мекен-жайында **2020 жылдың қаңтар айының 5 күні сағат 15-00 –де «Сарқан ауданы, Бірлік ауылы** мекен-жайында орналасқан 120 орынға арналған , 25 орыннан тұратын шағын орталығы бар орта мектептің құрылысы» нысанының құрылысы және пайдалану кезіндегі табиғатты қорғау іс-шаралары мен «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Байланыс телефондары: 8(72839)2-26-75, sarkanstroi@mail.ru электрондық мекенжайы

В соответствии с подпунктом 6) п. 1 статьи 57-2 Экологического Кодекса Республики Казахстан **5 января 2020 года в 15-00 часов в с.Бирлик** Сарканского района состоится общественное слушание по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» на период строительства и эксплуатации объекта: «Строительство школы на 120 мест с мини-центром на 25 мест», расположенного в с.Бирлик Сарканского района Алматинской области.

По всем интересующим вопросам обращаться по телефонам 8(72839)2-26-75, электронный адрес sarkanstroi@mail.ru

"Күйеуіңізді сатыңызшы..."

Шатырбай ауылдық мәдениет үйінде қараша айының 14-күні Бақалы ауылында туып-өсіп, театр саласында ауыз толтырып айтарлықтай танымал рөлдерді сомдаған, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік Академиялық драма театрының артисі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Саят Мерекеұлы ауыл тұрғындарына өзінің режиссерлігімен М.Задорновтың «Күйеуіңізді сатыңызшы...» атты комедиялық спектаклін аудандық мәдениет үйінің қызметкерлерімен бірігіп өткізді.

Ауыл тұрғындары өздерінің шаруашылықтың жыл он екі ай таусылып бітпейтін қарбаласына қарамастан, жаңа қойылымды тамашалауға жиналды.Аудандық мәдениет үйі қызметкері,Сарқан ауданының Құрметті азаматы Гүлжан Қисабекова - Елена Владимировна рөлін, Гауһар Тұралиева-Оксана болып, Андрей Васильевичтің рөлін Әлішер Сейденов сомдады. Өз кейіпкерлерінің бітім-болмысын, ой-өрісін шама-шарқынша жеткізе білді. Ауыл тұрғындары ауданымыздың мәдени рухани саласын кеңейтуге үлес қосып жүрген туған жердің танымал перзентіне деген ризашылықтарын білдірді.

Қ.ҚАСЫМБАЙ,
Шатырбай ауылдық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі.

«ХАНШАЙЫМ - 2019» аудандық сұлулық байқауы

Сарқан ауданының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Ханшайым - 2019» сұлулық байқауы өтті. Байқауда ауданымыздан қалалық және ауылдық округтерден 15 ару қатысып, өзара бақ сынасты. Үш кезеңге бөлінген байқаудың мақсаты: Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет -ғұрпын дәріптеу. Қыз баланы әдепті, әдемі болуға, адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, жағымды қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, сыпайылыққа тәрбиелеу, ауданның мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне, жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашу болып табылады. Шара соңында жүлделі орын алған және қатысушы арулар бағалы сыйлықтар және диплом, алғыс хаттармен марапатталды.

Жүлделі орындарға ие болғандар: Бас жүлде және «ХАНШАЙЫМ - 2019» лауазымы: Есжан Айзада Қарабөгет ауылдық округі (әл-Фараби ОМ). I орын - Мусабаева Айзада Алмалы ауылдық округі (Тасарық ОМ). II орын - Сағымбай Мадина Сарқан қаласы (№1 мектеп-гимназиясы). III орын - Сержан Айбота Сарқан қаласы (Сарқан гуманитарлық колледжі).

НОМИНАЦИЯЛАР: Қылықты ханшайым - Ермуханбетова Аяна Абай атындағы мектеп-гимназия. Өнерлі ханшайым- Кәлибай Асель Черкасск ауылдық округі. Көрермен көзайымы- Серікбайқызы Жанель (Жетісу ОМ).

Арайлым БЕКОВА,
«Сарқан аудандық жастар ресурстық орталығының» маманы.

Ризашылығымды білдіремін

Мектеп – білім ошағы, тәрбие ортасы, тағылым табалдырығы. Осы ұлағатты ұяда біздің балаларымызға сапалы білім мен саналы тәрбие беріп қана қоймай рухани-адамгершілік дүниетанымын кеңейту мақсатында мектеп директоры Е.Данекеровтың басшылығымен, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С. Карибекова мен әлеуметтік педагог А.Жуматаеваның ұйымдастыруымен және қамқорлық кеңесінің төрағасы, жеке шаруа Е. Дүйсебаевтың демеушілік етуімен 8 сыныпта оқитын балам Оспанов Қуаныш 22.10-12.11.2019 ж. күндері аралығында Көкше өңіріндегі республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығына демалуға жіберілді. Демалыс кезінде балам әр өңірден келген балалармен достасып, дос тауып, денсаулығының жақсарып, әр күндерінің қызыққа толы өткендігін айтып жеткізе алмады. Қызықты да тартымды өткізілген іс-шараларға белсенді қатысып, марапатқа ие болып, жақсы әсерде, ерекше көңіл-күйде оралды.

Міне, баламның осындай ауасы таза, табиғаты тамаша, көрікті Көкшетау жеріне барып келгені мектебіміздің ұстаздары мен демеушіміздің арқасы. Ата-ана ретінде осы ұжымды басқарып отырған Е. Данекеровке, әсіресе демеуші болған Е. Дүйсебаевқа және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С. Карибекова мен әлеуметтік педагог А. Жуматаева және ұстаздар қауымына ризашылығымды білдіріп, жарық дүние әрдайым сіздерге жақсылық нұрын төге берсін демекпін.

А. ТЛЕУБЕРДИЕВА,
ата-ана. Бақалы ауылы.

Сен туған күн, мерекеңмен!

Лепсі ауылының тұрғыны **Жүнісова Күлшара Бейсенқызын** 9 желтоқсанда болатын мерейлі 64 жасымен құттықтаймыз. Бар жақсысын бізге беріп, аялы алақанымен мәпелеген анашым, жүрегімнің түкпірінде әрдайым сақтап жүретін ыстық махаббатымды сізге сөзбен жеткізгім келеді. Тағдырдың жазуымен бұйырған бізді аялап, осы күнге жеткізу үшін талай ұйқысыз да күлкісіз де түндерді өткізгеніңізді білеміз. Мұның қаншалықты азап екенін, баланы тәрбиелеу қаншалықты қиын екенін енді ғана біліп жатырмыз. Сол себепті әр атқан таңымды сізге алғыс айтудан бастаудан жалықпаймыз. Отбасып құрып, бөлек кетсек те, әрдайым ыстық ұямызға асығып отырамыз. Жабыққанда сағынышымыз, тарыққанда ақылшымыз бола білген асылымыз, әрдайым денсаулығыңыз мықты болсын!

Орындалсын, анажан, басты арманың,
Жалындатсын нұрыңыз жастар жанын.
Ұлы тойға ұлассын туған күнің,
Жақсылыққа жайылып дастарханың.

Ізгі ниетпен: жолдасы – Бағдат, қызы – Аружан, күйеубалалары мен қыздары Мұхтар – Бағлан, Мұрат – Балжан, Сабыржан – Айжан, немерелері Аяулым, Расул, Арай, Алима, Дамира.

Сарқан қаласының тұрғыны, ауданның Құрметті азаматы **Игіман Жомарт Мақатұлын** 8 желтоқсандағы болатын туған күнімен құттықтаймыз. Жомарт Мақатұлы ұжымында білікті басшы ғана емес сонымен қатар аудандық мәслихат депутаты ретінде де қоғамдық өмірге белсене араласып келеді. Азаматтық болмысы бір төбе, өзіндік қолтаңбасы айқын, ақын деген арда есіммен ғұмыр кешуді жаратқан пешенесіне жазған осынау жаңа шынайы ықыласымызды төгіп, абырой-беделің асқақтай берсін дейміз!

Өзіңменен Сарқаныңның бағы бар,
Келер күндер үміт болып жағылар.
Қуанышты, толқынысты сәтіңде,
Ағалардың ақ тілегін қабыл ал.

Ізгі тілекпен: аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қ.Жанасбеков.

Сарқан қаласының тұрғыны, біз үшін қадірі бөлек, болмысы ерек **Дүйсенбеков Кемелхан Қалиұлын** желтоқсан айының 5-ші жұлдызы күнгі 60 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Алпыс деген асқарға аяқ басқан ардақтымызға жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп ұзақ жасай беруіңізге балалық тілегімізді қосамыз. «Тек әкелер сендер ғана лайықсың, хан сарайы, патша тағына» деп ақындар жырға қосқандай асқар тау сынды біздің әкеміз де мына дүние дидарындағы ең асылдарға лайықты. Бізді әрдайым қолдап, қуаттап, жанымызға жан жылуын төгумен келеді. Әке, біз сізбен мақтанамыз, марқаямыз! Алла өмір жасыңызды ұзақ қылсын деген шынайы тілегімізді мына бір жүрекжарды жыр жолдарымен жалғаймыз!

Бір өзіңді асқар тауға теңер ем,
Ұл мен қызын ақылымен демеген.
Анашыммен қол ұстасып жүзге кел.
Өркендесін немерең мен шөберең!
Мерейтойлық жасқа кеп шаттанасың,
Әлі талай шыңдардан бақ табасың.
Шын жүректен бәріміз құттықтаймыз,
Көш керуенің ешқашан тоқтамасын!

Құттықтаушылар: жұбайы Зәмзәгүл, балалары Еркін-Әсем, Эльмира-Еркін, Қымбат және немерелері.

Ауған соғысының ардагері, кеудесін от пен оққа төсеген **Малдыбаев Асқар Есімбекұлын** 10 желтоқсан күні 59 жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз. Ардақтымызға туған күні қарсаңында ізгі ниет, ақжарма тілегімізді ақтарып, бар жақсылықты тілейміз!

Ашық айтсақ біз үшін асыл ерсің,
Жанашыр туған-туыс қасыңа ерсін.
Көп тілеуі қабыл боп, жаратқаным,
Жүз жасаған Жамбылдың жасын берсін.
Той боп өтсін жылдарың,
Кезе бер өмір қырларын.
Өзіңді елің танысын,
Бірі деп нұрлы тұлғаның.

Құттықтаушылар: Ауған локальдық соғыс ардагерлері және мүгедектері ұйымы.

Лепсі ауылының тұрғыны **Оңғарбаев Бауыржан Серікбайұлын** 9 желтоқсанда болатын төл мерекесімен құттықтаймыз. Өмір шуағы мен дауылы, қайғысы мен суығы, жеңілі мен ауыры қатар алмасқан алпауыт. Өмірмен күресіп жеңе білгендер де, жеңіліп жетегінде кеткендер де бар. Сіз солардың алғашқысына қосылыңыз. Өмірде кездесетін сан қилы ауырлықтар мен қиындықтарды ақылмен, сабырмен жеңе білініз. Аспан бұлтсыз болмайды, демек адам өмірінің де бұлтты күндері болар. Бірақ сіздің өміріңізде шуақты күндері көп болсын! Аңсаған арманыңызға тек бақытпен жетіңіз! Біз сіздің тілекшілеріңізбіз!

Көлдей көңіл тілеймін таусылмайтын,
Өзендей өмір болсын сарқылмайтын.
Аспаның айлы түндей ашық болсын,
Дұшпаның бір өзіңнен қашық болсын.
Айта берсек тілек көп таусылмайтын,
Жаза берсек қалам көп майыспайтын.
Жүректегі тілекті өлеңменен
Жеткіземін мен саған шын көңілмен!

Ізгі ниетпен: анасы – Гүлсара, бауыры мен келіні: Сабыржан-Айжан, немерелері Алима мен Дамира.

Алғысымды ақтарамын

Жайшылықта қадірін біле бермейтін ақ халатты абзал жандардың маңыздылығын көбіне аурухана есігін ашқанда сезінетініміз бар. Жуырда аудандық орталық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімшесінде жатып ем қабылдауға тура келді. Осы орайда аталмыш бөлімнің меңгерушісі Тәжиева Алуа Мәлікқызы бастаған білікті дәрігерлердің арқасында тәніміз ем алса, жанымыз жадырап шықты. Қолдары алтын ақ халаттыларға шексіз ризашылығымды білдіре келе жұмыстарының жемісті болуына тілектестік білдіремін!

А.АМАНГЕЛЬДИНА.
Қарауылтөбе ауылы.

М.Жұмабаев атындағы орта мектеп ұжымы зейнеткер ұстаз **Байбатырова Менлихан Жагоровнаның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

SARQAN
Құрылтайшысы: Сарқан ауданының әкімдігі

Директор - бас редактор ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail: igiman01@mail.ru

Таралымы: 3710
Осы шығарылымның таралымы: 3710
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы» ЖШС филиалы - Сарқан баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.